



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Спорт дамиды,
туризм түлейді
2-бет

«Жұмысшы
мамандықтарына
қызығушылық жоғары»
5-бет

Виртуалды
полигонның
пайдасы зор
8-бет

РЕСМИ

«Наурыз» бағдарламасы баршаға

«Наурыз» ипотекалық бағдарламасы бастау алды. Бағдарлама аясында халықтың әлеуметтік осал топтарының 7 пайыздық мөлшерлеменен несиеленуіне мүмкіндігі бар. Басқа қатысушыларға – 9 пайыз. Өтінімдер осы айдың соңына дейін «Baspara Market» порталында қабылданады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бағдарламада жасқа шектеу жоқ. Қатысу үшін «Отбасы банкінде» депозиті болуы шарт. Болмаған жағдайда, ашуы тиіс. Депозиттің мерзімі маңызды емес. Депозитте кемінде 2 млн теңге болуы керек. Кейінгі бес жылда өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің атында (ерлі-зайыптыларында және кәмелетке толмаған балаларында) жылжымайтын мүлкі болмауы керек. Өтініш беру барысында кейінгі 6 айда ресми табыстың бар-жоғы расталады.

Шарт бойынша қарыз алушының бастапқы жарнаға қаражаты болған кезде 10%-дан таза әрлеуде тұрғын үй сатып алады. 20%-дан бастап, бастапқы әрлеуде немесе қайталама нарықта тұрғын үй қолжетімді. Несие мерзімі – 19 жылға дейін. Қарыздың берілетін ең көп сомасы – Астана мен Алматыда. Екі шаһарда 36 млн теңгеге дейін, басқа өңірлерде 30 млн теңгеге дейін.

17 наурыздан бастап, өнеркәсіп, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және су ресурстары салаларының қызметкерлері үшін «Наурыз жұмыскер» ипотекасына қабылдау басталады.



Сурет шық бермеген

Өңірдегі инфрақұрылым игілігі

Соңғы жылдары облыста инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауларында белгіленген тапсырмалармен етене байланысты өрістеп келеді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан жобалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосуда.



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көлік инфрақұрылымы: өңірдің күретамыры

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жоғары баға беріп, «Қарағанды табиғи байлығымен ғана қазыналы деп аталмағаны анық. Сарыарқаның дәл жүрегінде орналасқан аймақтың рухани қазынасы да орасан зор» деп атап өтті. Осы сөзі өңірдің ел дамуындағы стратегиялық маңызын айғақтаса керек. Өндірістің өңір еліміздің 8 өңірімен шектесіп, стратегиялық көлік торабы ретінде мәні бөлек рөл атқарады. Былтырдың қаңтар-наурыз ай-

ларында жалпы өңірлік өнім көлемі 1 690 879,8 млн теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7%-ға өскен. Қарап отырғанымыздай, өсім көлік инфрақұрылымының тиімділігін арттырумен тікелей байланысты.

Облыс аумағында 31 теміржол бекеті жұмыс істейді, 50-ден астам елді мекенді қамтитын 8 әлеуметтік маңызы бар аудан-аралық және қала маңындағы теміржол жолаушылар қатынасы желілері ұйымдастырылған. Сонымен қатар, Қарағанды қаласының өзінде ғана жеті тасымалдаушы 45 қалайшілік және 8 қала маңындағы маршрутты іске қосып, күн сайын шамамен 400 автобус шығарады. Сандар нені аңғартады? Көрсеткіштер облыс тұрғындарының мобильділігі артқанын, экономикалық белсенділігі күшейгенін білдіреді.

– Қарағанды облысының көлік инфрақұрылымы қарқынды дамып келеді. Бұл кәсіпкерлерге де, тұрғындарға да қолайлы жағдай туғызуда. Жаңа жолдар мен қоғамдық көлік бағыттарының көбеюі халықтың өмір сүру сапасына оң әсер етуде, – дейді жергілікті кәсіпкер Данияр Әбдімәжит.

Алдағы жылдары облыс еліміздің өндірістік және көлік-логистикалық хабы ретіндегі рөлін одан әрі нығайтып, инновациялық жобалар мен инфрақұрылымдық бастамалардың орталығына айналатыны сөзсіз. Жаңа технологияларды енгізу, кәсіпкерлікті қолдау, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру арқылы аймақтың даму қарқыны еселене түспек. Түп нәтижесінде Сарыарқаның жүрегінде орналасқан Қарағанды – бола-



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

шаққа ұмтылған, өркендеу мен жаңашылдықтың үлгісі болар асыл мекенге айнала түседі. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан еңбек дәстүрі мен ұлы мақсаттар жолындағы ынтымақ аймақтың келешегін жарқын етері хақ. Осындайда «Қала тек көлік керуені үшін ғана емес, алдымен адамдарға қызмет ету үшін құрылады. Нағыз инфрақұрылым адам өмірінің жайлылығын қамтамасыз ету керек», – деген дат сәулетшісі Ян Гейлдің нақыл сөзі еске түседі.

Әлеуметтік инфрақұрылым: халық игілігі үшін

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың маңыздылығын атап өтті. Ал, облысымызда осы бағытта да айтарлықтай жетістіктер бар. Мәселен, өткен жылы түрлі қаржыландыру көздерінен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге кезекте тұрған 855 азамат баспанамен қамтамасыз етілді. Жекө тұрғын үй қорынан да жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлем бағдарламасы іске асырылып, 318 азаматқа 23 млн теңге көлемінде төлемдер жүргізілген.

Бұдан бөлек, 2025-2029 жылдарға арналған Қарағанды агломерациясын дамытудың кешенді жоспары бекітілді. Бұл жоспар Қарағанды қаласын орталық ете отырып, 33 елді мекенді қамтиды. Агломерацияның жалпы халқы шамамен 870 мың адамды құрайды. Жоспар аясында жаңа өндірістердің ашылуы арқылы 17 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылып, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,5 трлн теңгеге дейін өседі деп күтілуде. Міне, осы қадамдар әлеуметтік инфрақұрылымға игілік сыйлап, халықтың әл-ауқатын арттыра түседі.

3-бет

ТІЛ – ҚАЗЫНА


Арманды ана тілі қанаттандырады

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғам болғаннан кейін түрлі пікірлер, алуан көзқарастар қалыптасатыны анық. Бұл – заңды құбылыс. Бірақ, бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің болашағына сенбей, теріс көзқарас қалыптастырып жүргендер баршылық. Біз айттып отырған көзқарастар мен пікірлердің алаңына айналған әлеуметтік желіде мұндай әңгімелер тыйылмай тұр. Күнделікті диалогтарда да естіп, аңдап жүрміз. Пессимизммен қарау – сәнге айналып бара жатыр десек, артық айтқанымыз емес. Қазаққа басқа Отан, басқа тіл жоқ. Әлемдік карта дүрлігіп тұрған шақта елдігіңді сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасамақ керек. Ұлтты ұлт етіп тұрған тіл емес пе?!

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршінің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады».

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатынан



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

«Қазақ тілі» қоғамының VIII құрылтайы өтті. Сонда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Ана тіліміздің төңірегіндегі осы мәселені көтерді. Ол «Тілдің болашағына қатысты пессимизмнен арылу керек. Әрине, егемендікті енді алған кезде тіл мәселесі күрделі еді. Сол уақытта тілді сақтап қалу жөнінде түрлі пікірталас болғаны анық. Бірақ одан бері заман оналды. Қазіргі жағдайды ол кезден мүлде салыстыруға болмайды. Барды бар деуіміз керек. Ана тіліміздің қолданылуы аясы күн санап кеңейіп келеді. Бүгін дүние жүзінде 7 мыңнан астам тіл болса, соның екі жарым мыңға жуығы жойылып кету қаупінде тұр. Қазақ тіліне қатысты мұндай қатер жоқ деп сенімді түрде айтуға болады. Ана тіліміз тұғыры мықты 80 тілдің қатарында тұр», – деді өз сөзінде.

«Бітіп келе жатқан жарасын тырнай бергеннен асқан ақымқ жоқ» деген даналық бар. Расында, «Өткенге өкпе жүрмейді. Өткенде тек тәубе жүреді» (Әбіш Кекілбаев).

Айтқымыз келген ойды қанық ету үшін бір әңгімені айталық. Өткен айда Қарағандыға белгілі тарихшы Жамбыл Артықбаев келді. Сапарының мақсаты – Аманжол Шөпжанов деген азаматты іздеп табу. Анығын айтқанда, іздеген адамы көзқорғандардың естелігі бойынша 1942 жылы туған. Шамамен 38 жыл ғана өмір сүрген. Кеңес дәуірінде қазақ мектептерінің жабылуына және ұлтты жаппай орыстандыру саясатына қарсы шығып, бозторғайдай шырылдаған деседі. Жай ғана кеуде соғып, атойлаған көптің бірі болмаған.

8-бет

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Спорт дамиды, туризм түлейді

Елімізде спорт және дене шынықтырумен жүйелі шұғылданатын азаматтардың саны 8,4 миллионға жетті. Ауылдық жерлерде 3,1 миллион адам спортпен шұғылданады. Ал, аймақта 442 мың адамға жеткен. Соның ішінде, балалар мен жасөспірімдердің саны 79 мыңнан асып жығылады. Осы және туризм, спорт және ойын бизнесі саласында жүргізіліп жатқан реформалар жайында Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Қарағанды жұртымен кездесуінде айтып берді. Әрі көпшіліктің сауалына жауап беріп, атқарылған жұмыстары жайында есеп берді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды спорты қайта жаңғырады

Бүгінде ауылдарда спорт инфрақұрылым санын арттыру мәселесі кезек-кезеңімен шешіледі. Атап айтсақ, Қарақұдық (Бұқар жырау ауданы), Топар (Абай ауданы) және Сарышаған кентінде (Ақтоғай ауданы) жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне берілген. Енді өңірде жасанды жабыны бар 49 спорт алаңы және 11 көпфункционалды хоккей мұзайдыны салынады деп жоспарланады. Министр өз сөзінде өңірде мәселелердің де жоқ емесін атап өтті.

– Қарағанды – елімізге әлемдік деңгейдегі чемпиондарды сыйлаған облыс. Облыс спортшылары Олимпиада ойындарында 2 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль жеңіп алған. Алайда, кейінгі екі Олимпиадада өңір спортшылары жүлдесіз қалды. Бұл спорт резервін даярлау жүйесінде олқылықтардың барын көрсетті. Биылғы Париж Олимпиадасына небәрі 3 лицензия иеленді. Бұл аймақтағы спорт жүйесін қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Өздеріңіз білесіздер, қазір басқару вертикалін қалпына келтіру мақсатында өңірлік спорт басқармаларының басшылары министрлік жанынан құрылған комиссияның келісімімен бекітіледі. Комиссия шешімімен жаңадан

дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы тағайындалды. Енді Қарағанды спортының даңқты дәстүрі қайта жаңғырады деген сенімдемін, – деді Ербол Мырзабосынов.

Сонымен қатар, министр өңірдегі туризм мәселесіне де тоқталды. Былтырғы жылдың тоғыз айындағы деректерге сүйенсек, аймақта туристерге көрсетілген қызметтер көлемі 42%-ға артқан.

– Қазіргі таңда Балқаш қаласының қалалық жағалауы абаттандырылуда. Ал, Абай ауданындағы Шерубай-Нұра (Топар) су қоймасының жағалауын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Балқаш қаласы әуежайының пероны мен жермен жүру жолдарын қайта жанарту жұмыстары басталды, – деп атап өтті.

Одан бөлек, заңсыз ойын бизнесі және лудоманиямен күрес бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады. Былтыр заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілген. Сол жоспарда ойын автоматтары мен лотерея терминалдарын әкелуді лицензиялау, заңсыз құмар ойындардың жарнамасын шектеу шаралары бекітілген. Әрі лудомандар мен олардың жақындарына онлайн-қолдау көрсету де назардан тыс қалмады. Министрдің сөзінде сүйенсек, осы бір кешенді жоспардың нәтижесінде құмар ойынға құныққандардың санын 350 мыңнан 200 мың адамға дейін азайту көзделген.

Талап-тілек ескерусіз қалмайды

Министр есеп беру кездесуінен кейін көпшіліктің сұрағына жауап беріп, ұсыныстарын тыңдады. Қарағандыда 2023 жылы дене шынықтыру және спорт ұйымдарымен тығыз жұмыс істейтін дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері ашылған еді. Мұнда жоғары санаттағы мамандар спортшыларды толық медициналық тексеруден өткізіп, жарысқа қатысу рұқсаты беріледі. Және сауықтыру шаралары да осында өтеді. Емхана басшысының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Жанат Молдақанова жалақының аздығын айтып, министрге ұсынысын жеткізді.

– Қазіргі таңда білікті медицина мамандарын жұмысқа тарту қиын. Оған себеп – жалақының аздығы. Соның салдарынан білікті мамандар толық емес жұмыс кестесімен істейді. Ал, спортшы денсаулығы – тікелей бізге қатысты. Сондықтан, Үкімет қаулысына сәйкес нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе дейміз. Яғни, біздің ұйымды үстемалық мен қосымша ақы төлеуге кіретін ұйымдардың тізіміне енгізуді сұраймыз, – деді ол.

Ал, облыстық жеңіл атлетика спорт мектебінің басшысы Нұрлан Түсіпов спорт мектептеріндегі жаттықтырушылардың еңбегі еленбей жатқандығын көтерді.

– Өңірде небір мықты жаттықтырушылар бар. Олар шөкіртін 18 жасқа дейін тәрбиелеп, жоғарғы спорт мектебіне береді. Ал, онда жүріп, спортшы байрақты бәсекелерден топ жарса, барлық мадақ-марапат кейінгі жаттықтырушысының есебіне жазылады. Ал, оны спортқа баулыған алғашқы жаттықтырушысы ескерусіз қалады. Жалпы, шөкіртін жоғарғы спорт мектебіне немесе интернатқа берген жаттықтырушыға қандай да бір төлемақы төленбейді. Осы тұрғыдан келгенде бізде жүйе жоқ, – деді ол.

Министр өз сөзінде спортты дамытуға қатысты қабылданатын заңнамаларда осы мәселелер жамтылғанын баса айтты. Елдегі дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлеріне баса назар аударылмақ. Медициналық құрылыстардың, спортшылар тұтынатын дәрумендер тұрақты қадағаланатын болды. Ал, жаттықтырушылардың мәселесі жаңа заң аясында қаралатынын жеткізді.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• КЕЗДЕСУ

Ақпарат саласының аруларына құрмет

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті. Кездесуде аймақ басшысы журналист аруларға гүл шоқтары мен сертификат табыс етіп, көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Әуелі барша нәзік жанды келе жатқан көктем мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздер – билік пен бұқара арасындағы алтын көпірсіздер. Қай-қайсыңыз да кәсіби мамансыздар. Еңбектеріңіз зор. Қарағанды журналистикасының мектебі қашаннан мықты. Қоғамға сіңіріп жатқан үлестеріңіз ауыз толтырып айтарлықтай. Отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге береке тілеймін, – деп құттықтауын жеткізген Ермағанбет Қабдулаұлы журналистерді емен-жарқын әңгімелесуге шақырды.

Телеарна, басылым, сайт, радио-да қызмет істейтін журналистер аймақ басшысына өңірдегі өзекті мәселелер турасында сауалдарын жолдады. Шет ауданындағы жарық мәселесі бойынша жақын күндері кешенді шешім қабылданатынын жеткізді. Мұнымен қоса, бұралқы иттерден келетін қауіп, оған

қатысты қабылданатын тиісті шаралар жөнінде де мәлімдеді.

Сондай-ақ, журналистер Қарағанды қаласының даму жоспарын сұрады. Өңір басшысы тек қана қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігінің ғана емес, Майкүдықтың да инфрақұрылымын дамытуды көздеп отырғанын айтты.

– Жоспар көп. Бастысы, біз Көгілдір тоғандар мен Оңтүстік-Шығыс арасында спорттық кластер салу үшін 72 гектар жер бөлімді. Қарағандыға жаңа стадион қажет екендігі туралы көптен бері айтылып келеді. Маған тұрғындар тарапынан үнемі осындай сұрақтар түседі. Сондықтан, біз жабық стадион, хоккей, конькимен сырғанау, мәнерлеп сырғанау және басқа да спорт түрлерімен айналысуға арналған көпфункционалды мұз айдыны кешенін саламыз, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қоса, әкім Қарағандының брендіне айналған «Қарағанды кәмпітері» қайта өндірілетінін жеткізді. Жақында кондитер өнімін шығаратын кәсіпорын жұмысы жанданады.

БАҚ өкілдері редакцияларына тұрғындардан түскен қоңырау, хат иелерінің түрлі өтініш-сауалдарын жеткізді. Өз кезегінде аймақ басшысы бұл мәселелерді назарға алып, алдағы уақытта бақылауда ұстайтынын жеткізді.

Кездесу соңында Қазақстан Журналистер одағының Қарағандыдағы филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов облыс әкіміне еркін форматта кездесу өткізгені үшін журналистердің атынан алғыс білдірді. Филиал басшысы бірқатар әріптестерімізді одақтың Құрмет грамотасымен марапаттады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өзара ынтымақтастық өзекті



Президент тапсырмасын орындай отырып...

қарағандылық делегация арнайы барып, әлеуетті қарым-қатынас жасау жолдарын нақтылап қайтқан.

Мәдәлина Лупу ханым Қазақстанның Румыния үшін маңызды стратегиялық серіктестердің бірі екенін атап өтті. Екі ел Транскаспий халықаралық көлік бағдарына кіреді. Елші Қарағанды облысында ірі аэрохаб құру жоспарын ескере отырып, логистика тұрғысынан мүмкіндіктер ашылып жатқанын да назардан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстанда орта буынға жататын көшбасшы компаниялар шоғырын қалыптастыру міндеті әлі де өзекті екенін айта келіп, «Бұл ретте шетелдік инвесторларға да, отандық бизнесмендерге де басымдық берген жөн» – деген еді. Бұл бағытта аймақта бірқатар ауқымды жұмыс атқарылуда. Жұырда Қарағанды облысына келген Румынияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мәдәлина Лупу ханымды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қабылдап, өзара ынтымақтастық жөнінде әңгіме өрбітті.



Бұған дейін дипломатиялық ведомство басшысы Алғыс айту күні мерекесіне орай Қарағандыдағы Достық үйінде өткен «Мэрцишор-2025» румын мәдениетінің фестиваліне қатысқан еді.

Сонымен қатар, ресми сапар барысында қарағандылық жетекші жоғары оқу орындары Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды медицина университеті және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетіне ат басын тіреп, ондағы білім беру процесімен және студенттер үшін жасалған жағдаймен танысқан.

Ал, Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевпен өткен кездесуде гуманитарлық және экономикалық салалардағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері талқыланды.

– Қарағанды облысы – инфрақұрылымы жақсы дамыған индустриялық аймақ. Өңдеу өнеркәсібі бойынша елімізде бірінші орында тұрмыз. Осу әлеуеті де зор. Кеншілер өлкесі өз өнімдерін әлемнің көптеген елдеріне экспорттайды. Зерттей келе Румыния елімен тауар айналымы аса көп емес екенін байқадым. Бұл бағыттағы жұмысты жандандыруға ынтымақтасу, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

2017 жылдан бастап, Трансильвания аймағындағы Румынияның Клуж-Напока қаласы Қарағанды облысының бауырласы болып есептеледі. Былтыр онда

тыс қалдырмады.

Сонымен қатар, білім беру саласындағы ынтымақтастық перспективалары бар екенін атап өткен жөн.

Ермағанбет Бөлекпаев жоғары оқу орындарымен қатар, облыс аумағында колледждермен де байланысты дамыту жолын қарастыруды ұсынды.

Ал, экономикамыз үшін румын технопарктерінің тәжірибесі қызықты әрі пайдалы болуы да бек мүмкін.

– Қарағандыдағы үш университетке барып, Румыния тарихы туралы фильм көрсеттік. Студенттермен бірге әйелдердің дипломатиядағы рөлін талқылады. Меніңше, бұл тақырыптар жас ұрпақтың білім көкжиегін кеңейту әрі өзара қарым-қатынастарымызды дамыту үшін де өзекті. Өйткені, жоғары білім беру және экономикалық байланыстарды нығайту бағытындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері бар екенін атап өткім келеді, – деді Мәдәлина Лупу.

Өз кезегінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев румыниялық бизнесмендердің дипломатиядағы рөлін талқылау маңызын атап өтті. Бұл бағыттағы жұмысты жандандыруға ынтымақтасу, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

Ел ұсынысы ескеріледі

Аймақ тұрғындары облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жеке қабылдауына түрлі сауалдармен жүгінді. Кездесу барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, медициналық қызмет көрсету сапасы және әлеуметтік көмекке қатысты мәселелер талқыланды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бағытта облыс әкімі белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Тұрғындарды тұрақты түрде жеке мәселелерімен қабылдап, мұң-мұқтажын тындап, оның шешілуіне баса назар аударады. Өйткені, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың мұң-мұқтажын дер кезінде естіп, кері байланыс орнату қажеттігін және шенеуніктердің әлеуметтік желіде белсенді болуының интернет дәуірінде міндет екенін атап айтқан.

Қабылдауға келгендердің бірі – Осакаров ауданының тұрғыны. Облыс әкіміне жерлерінің атынан жүгініп, газ-дәндіру мәселесін қозғайды. Осы мәселе төңірегінде бірнеше жыл бұрын жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, тендер өткізілген. Бірақ, сатып алуларға қатысушылардың біреуіне байланысты сот даулары басталып, мәселе сол күйі қалған. Аймақ басшысы мәселені тез арада шешуді тапсырды.

– Газдандыруды бастау керек. Магистральдық құбыр жүргізілген соң жобаны екі кезеңге бөлуді ұсынамын. Автономды газ тарату стансасының құрылысынан

бастап, содан кейін ішкі желілерге көшу қажет. Сондықтан, ақсақалдарға және ауданның барлық тұрғындарына мәселенің шешілетінін жеткізсеңіз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, кездесуде жер учаскесі бойынша сот талқылауына, еріктілерді қолдауға, медициналық қызметтердің сапасы мен Шахтинскте медициналық-әлеуметтік сараптаманы қайтаруға, осы қалада балаларға арналған оңалту орталығын ашуға қатысты тұрғындардың өтініштері қаралды.

– Биыл Балқашта оңалту орталығының құрылысын аяқтаймыз. Келесі жылы осындай нысан Шахтинскіде «Қамқорлық» корпоративтік қорын қаржыландыру желісі бойынша ашылады. Қазір ғимаратта жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, – деп түсіндірді денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова.

Тұрғындардың көптеген сұрақтарына жауаптар берілді. Мұқият қарастыруды талап еткен мәселелер одан әрі шешілуі үшін бақылауға алынды.

Мүмкіндік шектелгенмен, адам шеттетілмейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мүгедектігі бар жандарға жан-жақты қолдау көрсету аса маңызды екенін айтқан болатын. Оларға жайлы орта құрып, әлеуметтік қолдау көрсетіп, жұмыспен қамту – бірінші кезектегі мәселе. Бүгінгі таңда мұндай жандарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық баршылық.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыспен қамту – қажеттілік

Шындығында, мүгедектігі бар жандар мұндай халді өздері тілеп алған жоқ. Бірі туа бітті жарым-жан болып өмірге келсе, енді бірі түрлі жағдайлар салдарынан кем болып қалған. Аймақта мұндай 55 мың адам тұрып жатыр. Оларды әлеуметтендірудің негізгі жолы – жұмысқа орналастыру. Сол 55 мыңның 58%-ы, яғни, 32 152-і жұмысқа қабілетті жаста. Қазіргі уақытта оның 10 980-і жұмыс істеп жүр. Аймақта мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту үлесі – 37,0%. Республика бойынша бұл көрсеткіш – 28,6%.

Быттыр облыстың еңбек мобильділік орталығы мүгедектігі бар адамдар үшін 13 арнайы жұмыс орнын құрды. Көру кемістігі бар – үш, құлағы естімейтін – жеті, барлығы он адам осы бағдарлама бойынша жұмыс тапты. Биыл да осынаша жұмыс орнын ашу жоспары тұр. Орталық директоры Нұржан Сыздықовтың айтуынша, биыл есту кемістігі бар сегіз адам, көзі көрмейтін үш адам және қимыл-қозғалысында ақауы бар екі адам жұмысқа орналастырылады.

– Қазіргі таңда бес ұйымнан өтініш келіп түсті. Олар кәсіпорындарында 11 жұмыс орнын ашуға ниет білдіріп отыр. Оның әзірге төртеуі қабылданды. Атап айтсақ, Қарағанды қаласында «Алтынпласт» жеке кәсіпкері, Саран қаласында «Торг-Партнер» ЖШС және Абай ауданында «Дедал» ЖШС құлақ мүкістігі барларға жұмыс орнын тауып беруге әзір. Сондай-ақ, Қарағанды қаласындағы «Асет inclusive» қоғамдық бірлестігі қимыл-қозғалысында ақауы бар бір адамға маркетинг бойынша менеджер қызметін ұсынды, – дейді Нұржан Хамитұлы.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы жұмыс орындары



Сурет ШИМК ДИРЕКТОРЫН АЙТАДЫ

мемлекет тарапынан субсидияланады. Ол арнайы жұмыс орнын толығымен жабдықтауға, атап айтқанда, арнайы құралдарды сатып алып, орнатуға және жұмыскердің еңбекқақысына бөлінеді. Жұмыс берушілердің мүдделі болуы да сондықтан. Аталған бағдарлама бойынша жұмысқа орналасқан мүгедектігі бар адамның ай сайынғы еңбекқақысының 70%-ын мемлекет өтейді. Екінші жылында субсидия көлемі – 65%, үшінші жылы 60% көлемінде есептеледі.

Облыс әкімінің мүгедектігі бар адамдардың мәселелері жөніндегі кеңесшісі Нияз Сүндеталиевтің пікірінше, мұндай жандардың жұмыс табуына көп жағдайда білімінің болмауы кедергі келтіреді.

– Мүгедектігі бар адамдарда көбінесе ынталандыру жоқ. Сол үшін біз «Тең қоғам» әлеуметтік бейімдеу орталығында компьютерлік сауаттылық, тіл курстарын ұйымдастырдық. Психологтың

жұмысы арқылы мүгедектігі бар адамдарды өзгелермен тіл табысып, байланыс орнатуға, жұмыс істеуге ынтасын оятамыз. Заңгер еңбек шартын жасасуға көмектеседі, адам жұмысқа орналасқан кез-

2023-2027 жылдарға арналған жол картасы және Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген «Халықпен бірге» жобасы іске асырылуда.

«AMANAT» партиясының

на, орталық саябаққа, Кеншілер мәдениет сарайына, «City Mall» сауда ойын-сауық орталығына және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандарға емін-еркін бара аламын. Сондай-ақ, көптеген автобустар пандустармен жабдықталған, қоғамдық көліктерде, яғни, автобустарда мүгедектігі бар адамдар үшін жол жүру ақысы тегін. Жалпы, Қарағанды қаласында мүгедектігі бар адамдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс белсенді жүргізіліп жатыр деп айта аламын.

Осы ретте аталған нысандардың әлеуметтік бейімделуіне мемлекет тарапынан бақылау жасалатынын айтып өткен орынды. Әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті өткен жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, жеке кәсіпкерлік, сауда және басқа да салалардағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне 134 тексеру жүргізді. Оның ішінде, 43-і профилактикалық бақылау шеңберінде, 52-і жоспардан тыс, 39-ы прокуратура органдарының талабымен ұйымдастырылды.

– Тексеру қорытындысында анықталған бұзушылықтарды жою туралы 68 ұйғарым берілді, 11,8 млн теңгеден астам сомаға 67 әкімшілік айыппұл салынды. Нысандардың меншік иелеріне алғаш рет анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар берілді. Нұсқама белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда айыппұл салынады, – делінген департамент баспасөз қызметінің хабарламасында.

Әлеуметтік көмек жан-жақты

Президент тапсырмасына сай мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жан-жақты қолдау шаралары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, инватакси мүмкіндіктері молайды. Қоларбаға таңылғандар ғана емес, оның көмегін психикалық, аутистік бұзылыстары бар балалар да қолдана алады. Аймақта инватакси қызметінде 100-ден астам көлік бар. Қазіргі таңда Астана мен Алматы қаласында тұратын мүгедектігі бар азаматтар Яндекс Go мобильді ко-

де бірге жүріп, көрсетеді. Сонымен қатар, ықтимал жұмыс берушілерде қысқамерзімді тәжірибеден өту мүмкіндігі бар. Мүгедектігі бар адам өзінің әлеуетін біліп, қандай жұмыс істей алатынын анықтау үшін жұмыс орындарына экскурсия өткізіп тұрамыз, – дейді ол.

Кедергісіз орта – әлеуметтену алғышарты

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынған дерек бойынша аймақта 1 080 әлеуметтік инфрақұрылым нысаны толық бейімделген. Бұл – мүгедектігі бар адамдардың заңды құқықтарын қамтамасыз ету және олар үшін қолжетімді ортаны қалыптастыру мақсатында қолға алынған шаралардың негізгісі. Қазіргі уақытта осы бағытта Қазақстан Республикасында 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы, «AMANAT» партиясының

жол картасында 2023-2027 жылдар аралығында интерактивті қолжетімділік картасына енгізілген 40 мыңнан астам нысанды бейімдеу бойынша жұмыс көзделген. Жыл сайын осындай объектілердің 20%-ы бейімделеді. Сәйкесінше, 2027 жылы 100%-ы бейімделеді деп жоспарланған. Бейімделген нысандардың ішінде 129 денсаулық сақтау, 279 білім беру, 191 мәдениет, 124 сауда және қызмет көрсету, 31 спорт, 9 әлеуметтік қорғау нысаны бар. Сонымен қатар, 229 мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйым бейімделді.

– Бұқар жырау даңғылы бойындағы «Шахтер» стадионынан теміржол вокзалына дейінгі жүргіншілер жолын мысалға келтіргі келеді, – дейді бірінші топ мүгедегі Найман Жаксығорин. – Жана жүйындар тегіс төселген, көлбеу бұрыш қауіпсіз жүріп, түсуге ыңғайлы. Осының арқасында мен Н.Әбдіров атындағы спорт сарайы-

Өңірдегі инфрақұрылым игілігі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Энергетикалық инфрақұрылым: тұрақты даму кепілі

Қарағанды облысының энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту да басты назарда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағамдықтарының бірі екенін атап өтті. Бұл бағытта облыста энергетикалық нысандарды жаңғырту, энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Айта кету қажет, бүгінде Қазақстанның коммуналдық және энергетикалық инфрақұрылымы айтарлықтай тозуға ұшыраған желілер мен технологиялық тұрғыдан ескірген жабдықтар салдарынан күрделі бірқатар мәселелермен бетпе-бет келуде. Әсіресе, жылумен қамтамасыз ету саласына тоқталсақ, еліміздегі жылу желілерінің тозу деңгейі өте жоғары.

Өңірдегі инфрақұрылымның тозу көрсеткіштері әл-әзір көңіл көншітпей тұр. Energyrom.kz веб-сайтының ресми мәліметтеріне сүйенсек, жылу желілерінің тозуы Қарағандыда – 71,2%, Теміртауда – 68,5%, Шахтинскте – 61,7%, Топар кентінде – 68,8%-ды құраған. Су құбырлары мен негізгі энергетикалық нысандар жабдықтарының тозу деңгейі де осы шамада. «Түйіннің онтайлы шешімі бар ма?» деген сауалға келсек, Қарағанды агломерациясын дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында 35 шақырым жылу желілерін жаңарту және салу көзделген. Бұған республикалық бюджеттен 61,9 млрд. теңге жергілікті бюджет 8,7 млрд. теңге өзге



қайнар көздерден 176 млрд теңге шамасында қаражат жұмсалмақ.

Таразы

Облыста инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмалары мен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан жобалар Қарағанды облысының тұрақты дамуына негіз болуда.

Инфрақұрылым игілігі – тұрақты дамудың іргетасы. Болжалды негізде алдағы онжылдықта ғана өңір инфрақұрылымы жаңа технологиялармен, смарт-жүйелермен әрі қарайғы экологиялық таза шешімдермен толықтырыла түседі. Бұл тек экономикалық өсімді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, халықтың өмір сапасын түбегейлі жаңа деңгейге көтермек. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, көлік инфрақұрылымын цифрландыру – басты бағыттардың бірі. Мысалы, Сингапур интеллектуалды көлік жүйелерін (ITS) енгізіп, жол кептелісін 30%-ға қысқартты. Германияның Deutsche Bahn компаниясы теміржол қозғалысын жасанды интеллект арқылы басқарып, жолаушылар ағынын тиімді реттеуде. Алдағы жылдары көмірлі аймақ та көлік қызметін цифрландыруды қолға алып, қоғамдық көлікті автоматтандырылған бақылау жүйесін дамытуы кәді. Бүгінде экологиялық қауіпсіз инфрақұрылымға көшу өзекті. Мәселен, Норвегия 2040 жылға қарай көмірсутек отынынан толық бас тартуды жоспарласа, Қытайдың Хэбэй

провинциясында көмірден бас тарту арқылы 3 жылда ауа сапасы 40%-ға жақсарған. Қарағанды да «жасыл» экономикаға қадам басып келеді. Алдағы 10 жылда Қарағанды облысы күн және жел электр станцияларының құатын екі есеге арттырып, энергия тиімділігі бойынша Еуропа стандарттарына сәйкес келетін инфрақұрылым қалыптастырса, сірә да таңқалмаңыз.

5G байланысын енгізу арқылы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі артып, тұрғындар цифрлық инфрақұрылымның артықшылықтарын сезінетін болады. Жаңа урбанистикалық шешімдерге сүйене отырып, Қарағанды облысында компакт-қалалар (compact cities) концепциясы енгізілуі де мүмкін. Бұл – экологиялық таза, жаяу жүруге ыңғайлы, тұрғындарға барынша қолайлы қалалық ортаны қалыптастыруды көздейді. Алдағы уақытта Қарағанды облысы көлік, энергетика, цифрлық және әлеуметтік инфрақұрылым салаларында озық технологияларды енгізу арқылы Қазақстандағы жетекші өңірлердің біріне айналады. Жасыл энергетика, интеллектуалды көлік жүйелері, «смарт-қала» технологиялары, инвестициялық тартылымдылықты арттыру – осы бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілген жағдайда, өңір халықаралық деңгейдегі инновациялық және технологиялық орталыққа айналмақ.

Қарағанды болашағы – тек өнеркәсіп орталығы ғана емес, сондай-ақ «ақылды инфрақұрылым» бар, тұрақты дамуды қамтамасыз ететін өңір болуға бағыт алуда.

Инфографиканы жасаған автор



Президент тапсырмасын орындай отырып...

сымшасы арқылы «ИнваТакси» қызметін қолдана алады. Бұл пилоттық жоба ретінде биылдан бастау алды. Алдағы уақытта біздің өңірге де келуі әбден мүмкін.

Быттыр алғаш рет қоларбаларды жөндейтін сервис орталығы Қарағандыда ашылды. Орталық жоспары бойынша жылына 300 қоларба жөндейді.

Мүгедектігі бар адамдарға немесе мүгедек бала асырап отырған отбасы мүшелеріне мемлекеттік гранттар мен микронесилер беріліп келеді. Мәселен, быттыр 11 мемлекеттік грант жеті мүгедектігі бар адамға және мүгедек бала асыраушы төрт отбасына бұйырды. Ал, шағын несилер 339 адамға берілді.

Мүгедектік тобын белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы кеңінен қолданыста. Ол 30 нозология бойынша іске асады. Жыл басынан бері елдің барлық өңірлерінен 8,5 мыңнан астам өтінім қаралды. Ал, быттыр 96,9 мыңнан астам өтінім сырттай форматта қаралыпты. Бұл – куәландырудан өткен мүгедектігі бар адамдардың жалпы санының 37,4%-ы.

Бұл – Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында Мемлекет басшысының ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барынша қолайлы жағдай жасау, олардың инстанцияларға жүгіріп, қағазбастылықтан арлыту бойынша тапсырмасынан кейін қолға алынған шара. Сырттай куәландыру әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді жоюға, медициналық-әлеуметтік сараптама ашықтығын қамтамасыз етуге, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдарды ұзын сонар кезек күтуден «босатады».

Бәрине тең мүмкіндік берілетін инклюзивті қоғам қалыптастыру – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың реформаларының маңызды басымдықтарының бірі. Бұл деңгейіміз – медициналық көмекке тең әділ қолжетімділік, сапалы білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімделуге арналған мүмкіндіктер.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

«Қарызсыз қоғамнан» тегін кеңес

«Қарызсыз қоғам» ұлттық жобасының аймақтағы мамандары несиені бойынша 90+ күннен аса берешегі бар облыс тұрғындарына тегін заңгерлік қызметтер көрсетеді.

Сарапшылар құқықтық талдау-құжаттармен танысып, одан арғы іс-қимылдар бойынша ұсыныстар айтады. Берешекті қайта құрылымдауға жәрдемдеседі. Яғни, төлемді кейінге қалдыру, жаңа кестесін жасау, қайта қаржыландыру, кредитор бас тартқан кезде уәкілетті органдарға шағым беру, жеке тұлғаның банкроттық туралы өтініш беруі және одан әрі сүйемелдеуді жүзеге асырады. Сондай-ақ, сотқа дейінгі тәртіппен нотариустың атқарушылық жазбасының күшін жою, бұғаттауды алып тастау және шоттарды ашу, банктермен, микроқаржыұйымдармен және коллекторлық агенттіктермен дауларды реттеу, талап арыздарды құрастыру, сот кабинеті арқылы беру, өтініштерді дайындау сынды қызметтерді көрсетпекші.

«Қарызсыз қоғам» – аймақта «AMANAT» партиясының бағамымен быттырдан іске асырылып жатқан жоба. Ол қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Жобаның арқасында қатысушылар қаржылық сауаттылықтарын арттырып, өз қаражатын ұтымды пайдалануды үйренеді. Оған кез келген жастағы адам қатыса алады.

Быттыр жоба аясында облыстың 9 мыңнан астам тұрғыны оқу курсынан өтті.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Тауар белгілеріне талап күшейді

Бүгінде Қазақстанда контрафактіге қарсы күрес – өзекті тақырыптардың бірі. Өйткені, экономиканың кез келген саласында контрафактілік тауарды табуға болады. Елде контрафактілік өнімнің таралуына халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі, қоғамның контрафактілік өнімге салыстырмалы түрде толерантты қатынасы кері ықпал етеді. Мұнымен күрес, ең алдымен, тұтынушыларды денсаулыққа қауіпті сапасыз тауарлардан қорғау шарасы екендігін естен шығармаған ләзім. Отандық бренд атаулысын ілгерілету үшін контрафактіге қарсы күрес маңызды.

Тауар белгілерін немесе ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану мәселесі барлық жерде кездеседі. Әдетте, мұндай жағдаят тауар белгілері иелерінің мүдделеріне нұқсан келтіріп, материалдық пайда алу туралы жосықсыз нитетке қатысты өріс алып жатады. Осындай заң бұзушылықтарға қазақстандық және шетелдік бизнес субъектілері тап болады. Тәртіп бұзушылық көбіне өз дәрежесіне сайма-сай ұқсас тауар белгілері, не болмаса, арнаулы белгілері орналастырылған тауарларды Қазақстанға заңсыз әкелумен тікелей де, жанама да байланысты. Заңсыздық тауар таңбасы иесінің түпқұсқа тауарлар мен тауарларды әкелуге келісімінің болмауынан туындайды. Басқаша айтқанда, бұл – жалған тауарлар. Түпқұсқа тауарларды заңсыз әкелу және сату («сұр импорт», «параллельдік импорт») дейді ауызекі тілде – тұтынушыға жанама әсер ететін, бірақ, қазақстандық өндірушілер мен ресми дистрибуторлардың қызметіне ауыр әсер ететін құқықбұзушылық.

Өнімнің сыртқы түрін, оның дизайндык шешімдерін қолдану жасау ең жалған санаттағы заттарда жиі кездеседі. Мәселен, бұған балалар ойыншықтары, киім мен аяқ киім, ұсақ тұрмыстық электроника және аксессуарлар, түрлі сағаттар, батареялар, тұрмыстық химия және парфюмерия жатады. Қолданыстағы заңнама Қазақстан Республикасының аумағында қорғалатын тауар таңбасын пайдалану оның иесінің келісімімен ғана мүмкін болатындығын белгілейді. Иесінің келісімінсіз пайдалану тауар белгісіне айрықша құқықты бұзу деп танылады. Осыған байланысты, заңсыз тауарлардың нарыққа кіруіне және таралуына жол бермеу үшін мынадай шаралар ұсынылады. Біріншіден, Қазақстан Республикасында тауар белгісін тіркеу (Қазақстан Республикасы әділет министрлігі «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚК немесе Қазақстанда таратылатын Халықаралық зияткерлік меншік ұйымына ұлттық өтінім беру арқылы іске асады. Екіншіден, кеден органдарына жүгіну жолымен тауар белгісін Кеден тізіліміне енгізуге болады. Үшіншіден сот тарабына жүгіну жолымен. Және төртіншіден, бұзылған құқықтарды қорғау үшін мемлекеттік Әділет немесе экономикалық тергеу органдарына жүгінуге болады.

Қазақстандық қоғамның контрафактіге төзбеушілігін қалыптастыруға, зияткерлік меншікті парапар құқықтық қорғау тәсілі ретінде заңнаманы дамыту мен жетілдіруге ұмтылу қажет. Бұл өз кезегінде қазақстандықтардың салауатты өмір сүру ұзақтығын арттырады. Контрафакт көлемін азайтқы, әрі қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Қазақстандық өнімнің сапасын жақсартыды, «көлеңкелі» нарықты қысқартады. Сондай-ақ, қазынаға салық түсімдерін арттырады.

Арай АБИКЕЕВ,
Қарағанды облысы әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бойынша бөлімінің бас маманы

Адам құқығынан асқан құндылық жоқ

Қауіпсіздік – әр адамның негізгі қажеттілігі. Ал, облыс орталығының тұрғындары өздерін қауіпсіз сезіне ме? Қылмыспен күресу үшін қандай шаралар қабылдануда және олар жеткілікті ме? Мәселен, облыстың полиция департаментінің дерегіне сүйенсек, өткен жылы облыста жеті мыңнан астам қылмыс тіркелген. Бұл көрсеткіш бұрнағы жылдармен салыстырғанда едәуір төмен. Сарапшылар оң өзгерістің басты себептері ретінде әлеуметтік факторларды, экономикалық жағдайды және құқық қорғау саласындағы ауқымды реформаларды атап өтуде. Одан бөлек, жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып, құқықтық мәдениеті де артып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында өзінің басты міндеттерінің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру екенін айтқан болатын.



Реформа – өміршең өзгерістер

Салтанат ШИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сенгіштік сан соқтырады

«Құқықтық мемлекетте қылмыс әлеміне орын жоқ, қарақшылықты түп-тамырымен жою қажет», – деген Президент жеке адамнан бастап, тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық екеніне тоқталған болатын. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, көптеген елде, тіпті, кейбір дамыған мемлекеттердің өзінде қылмыс пен тәртіпсіздік өршіп тұрғанына қарамастан, елімізде қауіпсіз қоғам құру жолында едәуір жетістікке жеттік. Көшедегі, қоғамдық орындардағы қылмыс пен заңсыздық тыйылып келеді.

Мәселен, Қарағанды облысында 316 білікті тергеуші мен анықтаушылар қарақшылық, мал ұрлығы, тонау, кісі өлтіру және тағы басқа қылмыстарды тергеп-тексеруде.

Қарағанды қаласының полиция басқармасына қарасты Октябрь полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Арман Меллятов өздері қызмет көрсететін аумақта 2024 жылда тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны 590-нан 494 дейін төмендегенін айтады. Одан бөлек, тіркелетін қылмыстардың дені – шағын және орташа ауырлықтағы санатқа жатады. Олардың саны да кемі отыз пайызға азайған. Полиция подполковнигі жеке тұлғаға қарсы қылмыстар да 15 пайызға төмендегенін айтады. Тіпті, мүлктік құқық бұзушылықтардың өзі 20 пайызға кеміген.

– Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, алаяқтық әрекеттер саны жоғары болып кала береді. Технологияның дамуымен интернеттегі қылмыстардың саны өсіп келеді. Өткен жылы интернет-алаяқтық 148-ден 178 жағдайға дейін өсті. Интернет-алаяқтықты азайту үшін полиция бөлімінің қызметкерлері жалпы білім беретін оқу орындарының қызметкерлерімен, ірі кәсіпорындарда еңбек ұжымдарымен тұрақты кездесулер мен дәрістер өткізеді. Интернеттегі қауіпсіздік бойынша ұсыныстары бар буклеттер мен жадынамалар таратылады. Бірақ, біздің тұрғындар сенгіштіктің салдарынан әлі күнге дейін алаяқтардың арбауына тап болуда, – дейді Арман Меллятов.

Қарағанды тұрғыны, атап айтқанда, әйел адам өткен жылғы шілдеде полициядан көмек сұрап келген. Айлакердің арбауына түскен оның өмірі тозаққа айналған. Қасқүнем әйел адамның сенімін теріс пайдаланып, өзін Ұлттық қауіпсіздік

Әрине, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру ғана емес, оның алдын алу да маңызды. 2024 жылы қабылданған шаралар бұрын қылмыс жасаған адамдар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтарды азайтқан. Бұл ретте учаскелік полиция инспекторларының қызметін ерекше атау керек. Атап айтқанда, ізін суытпай 120 қылмыс ашылған. Өткен жылы Октябрь полиция бөліміне қарасты учаскелік полиция инспекторлары 1146 адамды профилактикалық есепке алған. Оның 182-і – маскүнемдер, нашақорлар және отбасы жанжалшылары. Бұл өз кезегінде қылмыстың алдын алуға септігін тигізеді.

Атқарылатын шаралардың дені құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қауіпсіз әлеуметтік ортаны құруға бағытталған. – Біз медицина мекемелерімен және ұйымдарымен маскүнемдермен, нашақорлармен жұмыс істеу бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз. Бұл қауіпті жағдайға тап болған адамдарды дер кезінде анықтауға және емдеуге ықпал

на өз еркінмен қанжар ұстатқанмен бірдей. Осы жағдайдан-ақ біз өтірік пен манипуляция арқылы сенімге селкеу түсетініне көзімізді жеткізуге болады, – дейді полиция подполковнигі.

«Тиімді тергеу – әділеттілік кепілі»

Қазір Октябрь полиция бөлімі қызмет көрсететін аумақ бұрынғыдай емес. Осыдан біраз жыл бұрын тұрғындар кешкі уақытта көшеде жалғыз жүруге қорықса, тиімді жұмыс өз нәтижесін беріп, облыс орталығының Майқұдық бөлігі де қауіпсіз ауданға айналған. Одан бөлек, қарағандылықтар кез келген қылмыстың әділ тергелетініне сенімді. Полиция подполковнигі қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруге де тоқталды. Ол «Тиімді тергеу – әділеттіліктің кепілі» дейді.


Мәселен, 2024 жылы аталған полиция бөлімінде 1537 қылмыстық іс тергеуде болса, оның 760-ы – сәтті аяқталған.

– Өткен жылы сотқа 247 іс жіберілді. Бұл тергеу және анықтау бөлімшелері жұмысының белсенділігін көрсетеді. Сотқа дейінгі жедел тергеу аясында 127 іс

Қарағанды қаласының полиция басқармасына қарасты Октябрь полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Арман Меллятов өздері қызмет көрсететін аумақта 2024 жылда тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны 590-нан 494 дейін төмендегенін айтады. Одан бөлек, тіркелетін қылмыстардың дені – шағын және орташа ауырлықтағы санатқа жатады. Олардың саны да кемі отыз пайызға азайған. Полиция подполковнигі жеке тұлғаға қарсы қылмыстар да 15 пайызға төмендегенін айтады. Тіпті, мүлктік құқық бұзушылықтардың өзі 20 пайызға кеміген.

жолданды, бұл – жұмыстың жеделдігі мен тиімділігінің кепілі. Одан бөлек, азаматтар қазір өзгені конституциялық құқықтарын бұзбауға тырысады. Бұл да тергеу мен анықтау жұмысында өз нәтижесін беруде, – дейді Арман Меллятов.

Әрине, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру ғана емес, оның алдын алу да маңызды. 2024 жылы қабылданған шаралар бұрын қылмыс жасаған адамдар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтарды азайтқан. Бұл ретте учаскелік полиция инспекторларының қызметін ерекше атау керек. Атап айтқанда, ізін суытпай 120 қылмыс ашылған. Өткен жылы Октябрь полиция бөліміне қарасты учаскелік полиция инспекторлары 1146 адамды профилактикалық есепке алған. Оның 182-і – маскүнемдер, нашақорлар және отбасы жанжалшылары. Бұл өз кезегінде қылмыстың алдын алуға септігін тигізеді.



Көпшілік арасында А. Рахмонов

койған. Бұл полиция тарапынан тұрақты бақылауды білдіреді.

– Осы шаралардан кейін көршілерден де, жұбайынан да шағымдар түскен жоқ. Өкінішке қарай, бұл – тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының үнсіз қалуды жөн көруінің бір ғана көрінісі. Сондықтан, отбасындағы зорлық-зомбылық фактілері туралы білсеңіз, 102 нөміріне хабарлау керек. Оны жасырын түрде жасауға болады және міндетті түрде хабарламаға қатысты тергеу жүргізіледі. Азаматтар кез келген күдікті әрекеттер немесе құқық бұзушылықтар туралы хабарлауы – полицияға оларды тезірек анықтауға мүмкіндік береді, – дейді полиция подполковнигі.

Мәселен, биылғы қаңтар айының басында учаскелік полиция инспекторы бекітілген учаскені патрульдеу кезінде есірткі заттарын жарнамалайтын хабарландыруларды тапқан. Ал, сол күні 15 және 14 жастағы екі жасөспірім ұсталған. Олар «ОЛХ» қосымшасы мен Telegram-дағы хабарландырулар арқылы жұмыс ұсынамын дегендермен сөйлесіп, не жазылғанын білместен, қала көшелерінде хабарландыру жапсырған. Аталған факт бойынша Қылмыстық кодекстің 299-1 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Бала неге қылмыс жасайды?

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс – қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі. Бұл – тек заң бұзушылық емес, сондай-ақ, олардың өміріне және болашағына теріс әсері бар әлеуметтік мәселе. Оған, әрине, әр түрлі себеп бар. Мәселен, отбасындағы зорлық-зомбылық, ата-ана бақылауының жетілмегендігі, әлеуметтік-экономикалық сияқты көптеген факторлар буыны қатпаған баланың қылмыс жолына түсуіне ықпал етеді. Жалпы, жасөспірімдер ұрлық, тонау, бұзақылық, дене жарақатын келтіру, есірткі тарату және қолдану, киберқылмыстарға барады.

Елімізде жасөспірімдер арасындағы қылмыс мәселесіне бала көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан жасөспірімдердің құқықтарын қорғау және қылмыстың алдын алу бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Алайда, бұл мәселе әлі де өзекті.

– Көмеетке толмағандар үшін қауіпсіз орта құру үшін ювеналды полиция инспектор-

лары түрлі қызметтер мен оқу орындары өкілдерінің қатысуымен жедел-профилактикалық іс-шаралар мен түнгі жұмыстарды белсенді жүргізеді. Өткен жылы 535 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, 42 қолайсыз отбасы және көмелетке толмаған 34 бала профилактикалық есепке алынды. Сотқа ата-ана құқығынан айыру туралы 6 өтініш жолданды, оның үшеуі қанағаттандырылды. Сондай-ақ, көмелетке толмағандарды мамандандырылған оқу орындарына жіберу туралы үш өтініш рәсімделді, – дейді Арман Меллятов.

Көмеетке толмағандар арасындағы қылмыс саны қабылданған шараларға қарамастан

«Жұмысшы мамандықтарына қызығушылық жоғары»



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау – «Жұмысшы мамандықтары жылының» басты қағидасы. Бұл орайда білім беру мекемелеріне қойылатын басты талап – болашақ еңбек адамының имиджін ілгерілету, маман даярлаудың сапасын арттыру, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты нығайту.

Бүгінде Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 772 колледж жұмыс істейді, онда 565 мың студент оқиды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудегі мемлекеттік тапсырыс көлемі 143 мың орынды құрады, ал студенттердің стипендиясы екі есеге өсті. Осы орайда халықаралық деңгейдегі сертификатталған мамандарды оқытып, жұмысшы орындарына сапалы маман даярлап отырған Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасындағы Инновациялық технологиялар колледжінің директоры Нұрбибі Смағұловамен әңгімелескен едік.

– Нұрбибі Абсадыққызы, «Жұмысшы мамандықтарының жылында» еліміздің барлық өңірлерінде еңбек адамының имиджін ілгерілету, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту шаралары қолға алынған. Сіздер жылына жүздеген еңбек адамын дайындап шығарасыздар. Бүгінде елімізге қандай маман тиімді, қалай ойлайсыз?

– Жұмысшы – мерейлі мамандық. Сондықтан, еңбек нарығында білікті жұмысшы мамандарға сұраныс жоғары.

Жалпы, Қазақстанның экономикасын алға сүйрейтін – техникалық, өндірістік, ақпараттық және қызмет көрсету салаларының мамандары. Қоғамға құрылысшылар, механиктер, электриктер, IT-мамандар, технологтар, донорлер, энергетиктер секілді кәсіби білікті жұмысшылар аса қажет.

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжі дәл осы сұранысқа ие мамандықтарды оқытуда озық білім ордасына айналып отыр. Әрине, қазіргі таңда Қазақстанның экономикасы мен өндірісін дамыту үшін жұмысшы мамандықтарының рөлі айрықша артып келеді. Осыған байланысты 2025 жыл елімізде «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланып, техникалық және кәсіптік білім беру саласына ерекше назар аударылуда. Жоғары сұраныстағы білікті жұмысшы мамандары қоғамға әрдайым керек. Біздің түлектер диплом алған күннің ертеңінде еңбекке араласады. Жұмысшы мамандықтарының жалақысы тұрақты әрі жоғары болғандықтан, зерделі жастарға бұл жұмыстар ұнайды. Қаржылық тұрақтылық бар жерде шығармашылық және кәсіпкерлік мүмкіндіктерге де жол ашылады. Мысалы, оларға еңбек адамы ретінде өз кәсібін дөңгелетіп, табысты болуға талпынуға бірнеше жол ашық.

– Жалпы, өңірдегі жастар колледжіді жалпақ тілмен «Кит» деп атайтынын білеміз. Егер тарқатып айтсақ, Инновациялық технологиялар колледжі қазіргі таңда қандай мамандықтарды оқытуға басымдық береді?

– Инновациялық технологиялар колледжі 2016 жылы Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің құрылымдық бөлімшесі ретінде ашылды. Еңбек нарығына қажетті жұмысшы мамандықтарын даярлайтын жетекші оқу орындарының бірі атанды.

Колледжде студенттер теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, заманауи технологияларды меңгеріп, 15-ке жуық сұранысқа ие мамандықтар бойынша өз ісінің кәсіби шебері болуға мүмкіндік алады. Жұмысшы мамандықтары қатарында 07161300 – Автомобиль көлігін техникалық пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету, 4S07161304 – Техник-механик, 07150100 – Машина жасау технологиясы, 4S07150105 – Техник-технолог, 07150300 – Токарь ісі (түрлері бойынша), 10410200 – Тасымалдауды ұйымдастыру және теміржол көлігінде қозғалысты басқару, 07150500 – Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша), 4S07130603 – Техник-электромеханик, 4S07151304 – Техник-металлург, 4S07110404 – Техник-зертханашы секілді көптеген мамандықтар бар.

Дегенмен, колледждегі педагогикалық үдеріс мемлекеттік заңнамалық және нормативтік құжаттар негізінде ұйымдастырылады. Жыл сайын I қыркүйекте нормативтік база мемлекеттік органдар тарапынан енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес нақтыланады.

2024 жылы колледждің серіктес кәсіпорындарының өкілдерімен бірлесіп негізгі, жалпы, техникалық және кәсіптік білім беру базасында оқыту үшін барлық мамандықтар бойынша 43 білім беру бағдарламасын әзірледі. Барлық білім беру бағдарламалары сараптамадан өтті.

– Колледжде қызығушылардың қарқынды бағамдағымыз келеді. Қазір студенттер саны қанша? Жалпы, басшы ретінде ашық мүмкіндіктер алаңын жасауға басымдық бересіз бе?

– Заманауи көзқарастағы басшы ретінде білім беру саласындағы бүгінгі күрделі міндеттерді жақсы түсінемін. Басшының кең ауқымда ойлай білуі – колледждегі оқу-тәрбие үдерісін жоғары деңгейге көтеруге, озық басқару және педагогикалық технологияларды іс жүзінде енгізуге мүмкіндік береді. Осы колледжде басшылық қызметте жүруім колледжіді қалыпта жұмыс режимінен – дамуға бағытталған жүйеге көшіруге мүмкіндік берді.

2024-2025 оқу жылының басындағы студенттер саны 682 адамды құрады. Күндізгі оқу бөлімінде 543 студент бар. Техникалық және кәсіптік білім негізінде қабылданған білім алушылардың контингенті жыл сайын артып келеді. Биылғы 222 білім алушыны мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдадық. Қазіргі кезеңде білім алушылар шәкірталаспен

және жатақханамен қамтылған. Осындай озық жұмыстар нәтижесінде Инновациялық технологиялар колледжі ашық мүмкіндіктер колледжі ретінде танымал. Өзіңіз айтып өткендей, жастарға кең мүмкіндік берумен ерекшеленеміз.

– Сөзіңізге қосыламын. Мәселен, орта білімді жалғастыра отырып, тау-кен, техникалық және құрылыс салаларында кәсіптік білім алу жастарға ерекше мүмкіндік беретінін білеміз. Колледжде мектептен енді келген оқушыны бірден жас маманға айналдыратын бағдарламалардың сәтті жүзеге асуына деген ойыңыз қалай?

– Жалпы білім беретін мектеп оқушысына кәсіпті ерте таңдап, өзін-өзі анықтау бағдарламасынан өткізу – тамаша мүмкіндік. Біздің студенттер колледж қабырғасында жүріп Қазақстан мен шетелдің жоғары оқу орындарында білім алуы жалғастырығысы келеді.

Қазірдің өзінде елімізде ересектерге қашықтықтан оқу арқылы кәсіби білім алуға да мүмкіндік бар. Бұл жастардың дамуы мен рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтады. Оған қоса мемлекеттік және орыс тілдерінде білім алу – кең мүмкіндік. Елімізде жастар мен ересектердің



Ерліктің Елімізді Ежелден Дайырлы Нәзімсі Қазғым Кайырым Мейің ел Гүлің бол Жарың с Туған жер Ұрпаққа Кең бағт Бірлігі жә Тәуелсіз Кәсіпшілігі Мәдениеті Білімі ар

арттырудағы материалдық-техникалық база жайлы айтып өтсеңіз... Көбінесе жастар теориядан бөлек практиканы ұнатады ғой.

– Орта буын мамандарын кәсіби даярлау үшін колледжде заманауи, үнемі жетілдіріліп отыратын материалдық-техникалық база бар. Сондай-ақ еңбек нарығындағы сенімді әлеуметтік серіктестер де бар. Олар студенттердің 100% кәсіби тәжірибеден өтуін және түлектердің жоғары деңгейде жұмысқа орналасуына кепілдік береді.

Былтырдан бастап кәсіби тәжірибеден өту үшін Қараған-

Valley» ЖШС, «№3 Автобус паркі» ЖШС, «КТМЗ» ЖШС, «AsiArb» ЖШС, «Shubarkol Komir» ЖШС, «Кра Group» ЖШС, «КТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС, «Қазақ-телеком» ЖШС секілді басқа да кәсіпорындар бар.

– Аталған кәсіпорындармен жұмыс дуалды оқыту бағдарламасы аясындағы келісім негізінде жүзеге асырылған шығар?

– Дәл солай. Дуалды оқыту ұшжақты келісім негізінде жұмыс істейді. Биыл Кгора-11-22-2 тобының түлектері оқуын аяқтайды. Бұл топтың студенттері «№3 Автобус паркі» ЖШС базасында «Автомобиль көлігін техникалық



еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті және кәсіби тұрғыда мобильді маман болуына жағдай жасалған. Оны біздің колледждің студенттері жақсы біледі.

Колледждің стратегиялық мақсаттарының бірі де сол – колледж түлектерінің халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету. Инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға жағдай жасаймыз.

– Инженерлік қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін

ды қаласының 60 кәсіпорнымен келісімшарт жасалды. Олардың қатарында «Maker» ЖШС, «Ремонттық-механикалық машина жасау зауыты» ЖШС, «Топар» басты тарату электр станциясы» ЖШС, «Kazcentraladka» ЖШС, «Укспроект-2006» ЖШС, «Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС, «Qaztehna» ЖШС, «Kazprom avtomatika» ЖШС, «ERP» компаниялар тобы бар.

Сондай-ақ, «ТД-Каргормаш» ЖШС, «Қарағанды турбомеханикалық зауыты» ЖШС, «Terricon

пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету» мамандығы бойынша «Техник-механик» біліктілігін игеруде. Ұшжақты келісім аясында осы автобус паркіне жұмысқа орналасады.

– Колледж педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін қалай дамытасыздар?

– Алдымен методикалық жұмысына тұрақты назар аударамыз. Методикалық қызметтің жүйелілігі мен мақсатқа бағытталуы, педагогтердің шығармашылық бастамаларын мойындау, үнемі дамуды мониторингтеу – құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Оларды шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге ынталандыру, сондай-ақ жұмыстағы ұжымдық мүдде, университет тарапынан ұсынылған қолайлы, жайлы, әлеуметтік-мәдени және ұйымдастырушылық-техникалық жағдайлар – бұл колледж педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған тиімді нәтижеге жетудің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл жағдайлар педагогтердің бастамашылығын, креативтілігін және шығармашылық көзқарасын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, Г.Молдабекова, А.Байдулатова, У.Аукешова, Г.Умирбекова, Л.Ванфутия, А.Жұпышева, Г.Смағұлова, Г.Орымбай, К.Қазиева, А.Баймамырова, М.Мақажетова, К.Қурбанова, Ф.Қабсамет, Е.Жексембеков сынды оқытушылар тек кәсіби қызметте ғана емес, әдістемелік және қоғамдық жұмыста да белсенділік танытады. Осылайша білім беру үдерісінің

сапасын арттыруға өз үлестерін қосуда. Олар инновациялық оқыту әдістерін енгізе отырып, авторлық бағдарламалар әзірлейді. Шеберлік сыныптары мен тренингтер өткізу сияқты маңызды жұмыстармен айналысады. Аталған оқытушылар колледждегі мәдени, әлеуметтік және тәрбиелік іс-шараларға белсене қатысып, білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Олардың әдістемелік және қоғамдық белсенділігі оқу орнының білім беру үдерісін жетілдіруге және студенттердің сапалы білім алуына айтарлықтай әсер етеді.

– Студенттердің бос уақытын қалай ұйымдастырасыздар?

– Студенттер облыс пен қала деңгейінде өтетін спорттық жарыстарға белсене қатысады, сондай-ақ театрлар мен мұражайларға барып, мәдени іс-шараларға атсалысады. Жыл сайын студенттер арасында колледж түлегі, Ұлттық ұланның Батыры Мадияр Қайсаровты еске алуға арналған спартакиада өтеді. Құқықтық тәрбиелеу бойынша кураторлық сағаттар, семинарлар өткізіледі. Былтыр құқық қорғау органдарының өкілдерімен және түрлі ұйымдардың мамандарымен 20-дан астам кездесу ұйымдастырылды. Студенттер қоғамдағы заңдар мен құқықтық тәртіпті сақтаудың маңыздылығы туралы толық ақпарат алады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілетін жарқын іс-шаралардың бірі – бірінші курс студенттеріне арналған спартакиада. Бұл спорттық іс-шара студенттердің денсаулығын физикалық тұрғыдан нығайтуға ғана емес, сонымен қатар командалық рухты, тәртіпті және өзара көмекті дамытуға көмектеседі.

Колледждің ерекше назар аударатын бағыты – бұл студенттер мен олардың отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету. Колледж студенттердің бастамаларын барынша қолдай отырып, клубтар, секциялар және қоғамдық қозғалыстарда белсенділіктерін арттыруға күш салады. Сонымен қатар, сабақ үлгерімі мен колледждің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, ерекше көзге түскен студенттер ректордың шәкірталасына ұсынылады. Атап өтетін болсақ, КСИБ 9/23-2 тобының студенті А.Нұрбатыров ректор шәкірталасын алады.

– Сіздерде сондай-ақ, ерікті жастар көп екенін білеміз...

– Біздің студенттер қайырымдылық пен қамқорлыққа ерекше назар аударды. Оған дәлел – «Рахмет» волонтерлік клубы. 2017 жылдан бері колледж студенттері «Забота» қарттар үйі мен мүгедектерге арналған үйге концерттік бағдарлама мен азықтүлік себеттерін апарды. Сондай-ақ «Лучик Надежды» қайырымдылық қорында емделіп, оңалту курсынан өтетін мүгедек балаларға да көмек көрсетеді.

Сонымен қатар, студенттерге сын тұрғысынан ойлауды, ораторлық дағдыларды үйрететін «Парасат» дебат клубы және жас жігіттерді әскери қызметке дайындайтын «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубы бар.

2016 жылдан бастап студенттер «KAZENERGY» қауымдастығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде Солтүстік-Каспий және Қарашығанақ жобалары аясында білім алу үшін қаржылық көмек алу конкурсына қатысады. 2016-2024 жылдар аралығында колледждің 80-нен астам студенті осындай білім гранттарын алған.

«Жұмысшы мамандықтарының жылында» колледж ұжымы білім беру қызметін жетілдіріп, студенттерге сапалы білім беруде. Түлектеріміздің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие маман болатынына көмі сенеміз.

– Өңіміңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер колледж мұрағатынан



Назерке АМАНТАЕВА:

Ғылымды мансап деп қарастырған тиімді

Қазір ғылым мен білімнің заманы. Бізге ғалымдар, инженерлер, өнертапқыштар ауадай қажет. Президент «Біз көшкелі ілететін емес, көшті бастайтын елдердің қатарында болуымыз керек. Бір сөзбен, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет. Жалпы, осы бағытта біраз шаруа атқарылып жатыр» деген болатын.

Бүгінде тікелей ғылымның арқасында жастар медицина, энергетика, технологияда сүбелі жетістіктерге жетуде. Облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының «Ғылым» аталымының жеңімпазы Назерке Амантаева – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының оқытушысы. Жас маманның жарқын жобасы Қарағанды облысының бірінші басшыларына (1932-2024 жж.) арналған. Біз де жобаға қызығушылық таныттық.

– Назерке, облыс халқының төртінші бөлігін 14-34 жас аралығындағы жастар құрайды. Бұл – 309 258 адам. Сіз облыста «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының «Ғылым» бөлімінде топ жардыңыз. Грант сомасы 2 млн теңге сіздің жобаға жеткілікті ме? Қазіргі таңда қандай жұмыстар атқарылууда? Қаржының басым бөлігі жинақтың басып шығаруға жұмсалатын шығар?

– Мен академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультетінің археология, этнология және Отан тарихы кафедрасында қызмет атқарғаннан кейін «Ғылым» бөліміне жобамды ұсындым. Қазіргі таңда Қараған-



архивтер мен кітапханалардағы ізденіс жұмыстарына бағытталды. Жоба бойынша Алматы, Петропавл, Жезқазған қалаларына іссапарлар жоспарланған еді. Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік архив, Президент архиві мен Ұлттық кітапханада болдық.

– Бизнес емес, «Қарағанды облысының бірінші басшылары» идеясын жоба ретінде алуға не түрткі болды? Жалпы, жинақ шығарудағы мақсат неде?

– Өзім ғылымда жүргеннен кейін осы бағытты негізге алуды жөн көрдім. Жобаға «Қарағанды облысының бірінші басшылары (1932-2024 жж.)» тақырыбының алынғаны жеке қызығушылық пен тарихи зерттеуге ұмтылыстан туындады. Сондай-ақ, архив құжаттарымен, ресми деректермен жұмыс істеу, өңір тарихын терең зерттеу маған қызықты. Қарағанды облысын басқарған тұлғалар туралы, олардың облыстың дамуына қандай өзгерістер енгізгені жөнінде жүйелі зерттеулер аз. Сол себепті осындай жинақ әрі көпшілікке қызықты оқу құралын



ды облысының мемлекеттік архивінде сақталған Қарағанды облысының бірінші басшыларының жеке істерімен жұмыс жүріп жатыр. Грант сомасы 2 млн болғандықтан, барлық жұмсалатын қаражат осы сомаға сәйкестендірілді. Жинақ шығару көптеген ізденіс, зерттеу жұмыстарын қажет етеді. Сол себепті, қаржының басым бөлігі басқа қалаларда орналасқан

шығару көзделіп отыр. – **Жобаның зерттеу жұмысына бағытталғандықтан қанша адамның ғұмырбаянын қарастырдыңыз? Кімдер бар? Белгілі бір саламен шектелдіңіз бе?** – Жобаның хронологиялық шеңбері 1932-2024 жылдар аралығын қамтиды. Қазіргі уақытта, Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде 1936-1991 жылдар

аралығындағы Қазақстан КП Қарағанды облыстық комитетінің 17 бірінші хатшыларының жеке істері қарастырылып жатыр. Олардың қатарында Н.Садовников, Х.Пазиков, Г.Галайдин, Б.Ашимов және тағы басқалар бар.

Ал, 1932-1936 жылдардағы басшылар жөнінде ақпаратты сол кезең аралығында облыс орталығы болған Петропавл қаласына жаз айындағы іссапар барысында алу жоспарлануда. Тағы қосымша ақпараттар Жезқазған қаласындағы архивтен алынады. Ол құжаттармен жұмыс жазға жоспарланған.

– **Жоба тақырыбы бойынша бір оқу құралы шығарылды екен. Мектептерге пән ретінде енгізу ойда бар ма?** – Иә, жоба тақырыбы бойынша оқу құралы жарық көреді. Бірақ, бұл оқу құралын мектептердің бағдарламасына қосу туралы әлі ойланбадық. Дегенмен, қазір мектептерде тарих сабағының көлемінде жүргізілетін «Өлкетану» бағдарламасы аясында қолдануға болады. Білім беру мекемелері қызығушылық танытса, біз дайынбыз.

– **Қарағандының тарихымен өмірін байланыстырған жандарды зерттеп, зерделеу барысында қызықты деректерге кездескен боларсыз. Басшылар өміріне қатысты бізге беймәлім деректермен бөліссеніз?** – Архивте негізінен жеке істермен жұмыс істедім. Олардың өмірбаяны, білімі, қандай қызметтер атқарғаны туралы деректер қаралды. Бұл құжаттар басшылардың ресми қызмет жолын көрсетеді. Кейбір қызықты оқиғалар архив материалдарында кездесе бермейді.

Қарағанды облысын басқарған тұлғалардың өміріне қатысты ерекше деректер болашақта сол кезеңнің куәгерлері немесе облыс әкімдерімен сұхбат барысында ашылуы мүмкін. Мұндай сұхбаттар арқылы сол дәуірдегі тың ақпараттар да белгілі болатыны сөзсіз. – **Жастар архивке, қала берді кітапханаға көп бармайды. Тарихшы жас ретінде архив жұмысының қызықты тұсын айтып кетсеңіз?** – Осы сұраққа жалпылама жауап берсем. Архивпен жұмыс істеу тарихшы үшін ерекше қызықты,



Президент тапсырмасын орындай отырып...

өйткені, бұл – өткенді «тірі» күйінде сезінудің бірегей мүмкіндігі. Архив материалдарын ақтарғанда бұрын ешкім зер салмаған құжаттарды тауып, жаңа деректер ашу – ізденушіге бөлекше серпін сыйлайды. Архивте жұмыс істеген сайын әрбір құжаттың астарында терең тарих, беймәлім деректер жатқанын байқайсың. Бір сөзбен айтқанда, архивте жұмыс істеу – тек зерттеу, тарихты үйрену ғана емес, тарихты шынайы түсінудің жолы.

– **XXI ғасыр жастарын ғылымға тартудың жолы не дер едіңіз...**

– Жастарды ғылымға тарту үшін, ең алдымен, оның қолжетімді және қызықты болуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі кезде ақпараттық технологиялар дамығандықтан ғылымды әлеуметтік желілер арқылы танымал ету маңызды. Жастар TikTok, YouTube, Instagram сияқты платформаларда көбірек уақыт өткізеді. Сондықтан ғылымды сонда насихаттау қажет.

Екіншіден, жастарға қолдау керек. Гранттар, стипендиялар, ғылыми тағлымдамалар сияқты мүмкіндіктер көбейсе, жастар ғылымды мансап ретінде қарастыра бастайды. Оған қоса, табысты жас ғалымдарды насихаттау да зор мотивация.

– **Жастардың басым көпшілігі соғыс жылдарындағы тарихты еске алғанды дұрыс көрмейді. Оның жағымды да жағымсыз тұстары, «шыңдығы мен өтірігі» бар деп санайды. Сіз – тарихшысыз. Тарихшылардың қателесуге құқы бар ма?**

– Тарих – өте күрделі және көпқырлы ғылым. Ол әрдайым жаңа деректермен толықтырылып, қайта қаралып отырады. Тарихшылар қателесуі мүмкін. Бірақ, олардың басты міндеті – объективтілік пен шындыққа барынша жақын болу.

Соғыс жылдарындағы тарихқа қатысты пікірталастар – заңды құбылыс. Тарих тек фактілерден ғана емес, олардың интерпретациясынан да тұрады. Бір оқиға әртүрлі дереккөздерде түрлі сипатталуы мүмкін. Ал саясат пен идеология тарихтың қабылдануына әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, кейбір зерттеушілердің қателесуі мүмкін. Алайда, бұл әдейі бұрмалау немесе жалған ақпарат тарату легенді білдірмейді.

– **Жинақтың жарық көру мерзімі қай уақытқа белгіленді? Екінші бөлімі жалғасын таба ма?**

– «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты 1 жыл ішінде жүзеге асуы қажет. Сол себепті, жинақтың жарық көру уақыты 2025 жылдың қараша-желтоқсан айларына жоспарланған. Екінші бөлімге бағдар арқылы сол дәуірдегі тың ақпараттар да белгілі болатыны сөзсіз.

– **Назерке, әңгімеңізге рәхмет, ісіңізге табыс тілейміз!**

Сұхбаттасқан Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер кейіпкерден

• ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

«Алтын сақа» алғырлыққа баулиды

Қарағандыдағы «Алтын сақа» балабақшасының тәрбиешісі «Алтын сақа» әдістемелік жинағын жазып шықты. Мәдина Бехмұхамбетова ертегі желісін басшылыққа алған. Жинақтың ерекшелігі сол баланың жан-жақты қалыптасуына бағытталған бес саланы қамтуы. Жинақта асықпен ойнайтын ойындар көрсетілген. Педагогтің пайымдауымен алдымен ертегі толық суреттелген. Кейін оның желісі өзгертіліп, бала танымын шыңдау үшін асықпен ойындар берілген.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– «Мектепке дейінгі ұйымдарда оқуды балаларға ойын түрінде өткізу міндеттелген. Сондықтан, кез келген ертегі желісін өзгертуге болады. Ойын шарты бойынша бай баласы Мыстанға «Алтын сақамды әперші» дегенде, ол «Мен тұрсам отыра алмаймын, отырсам тұра алмаймын» дейді. Сонда бала алтын сақаны ала қашады. Кенет Мыстан тұра қуып, тісін лақтырғанда баланың тақымадаған тұлпарының аяғы жұлынып кетеді. Сол сәтте бала математика әлеміне түсіп кетеді. Әрине, көмекке тәрбиеші келеді. Осы үрейге толы әлемнен құтылу үшін тәрбиеші мен тәрбиеленушілер тапсырманы орындауға кіріседі, – дейді Мәдина Бехмұхамбетова.

Ойын 7 тапсырмадан тұрады. Алғашқыда бала ұяшықтарға түрлі геометриялық пішіндерді сәйкестендіріп қойып шығуы керек. Одан кейін шатасқан жіптерді ажыратып, ұяшықтарды асықтың түсіне сәйкестендіруі тиіс. Бұл сынақтан сүрінбей өтсе, арнайы тесілген асықтарды түстеріне және санның ретіне қарай жіптен өткізіп жинақтайды. «Қоржындағы асықтар деп аталатын» бөлімде есеп шығарып, сандардың құрамын табады. Бұл алдымен балдырғанның қол моторикасын шынықтырады. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытады. Математикалық амалмен танысады.

«Тапсырма орындалды, енді қамаудан шығамыз» дегенде, мыстан тағы бір тісін лақтырады. Сол сәтте бала бәйтерек басына шығып, сауат ашу әлеміне түседі. Мұнда әр жапырақтарда әріптер жазылған. Ережеге сәйкес оны тәлімгер дыбысты бөліп, дауыстыны қызыл асықпен, дауысызды көк асықпен белгілеуі шарт. Ал, асық сыртында суреттер жапсырылады. Оны буынға бөліп, санына қарай көк, қызыл, жасыл қоржындарға салады. Яғни, ойынның бұл бөлімінде бала дыбыстық тал-

дауды үйренеді. «Тапсырма орындап, тағы сиқырлы әлемнен шығамыз» дегенде, мыстан тісін лақтырып, бай баласы ертегілер әлеміне түсіп кетеді.

«Баланы тағы бір сынақ күтіп тұр. Бәйтерек басындағы бала бұл әлемдегі аң-құстардан көмек сұрайды. Ал осы сәтте ағашты құлатпақшы болып түбін қазып жатқан Мыстанды түлкі 2 рет алдап кетеді. Аспанда ұшып бара жатқан қарғалар мен жабайы үйректер тазыларға баланы құтқару керектігі жөнінде сәлемдемені жеткізеді. Осы жерде олардан көмек сұрайды, бірақ олар көмектеспей ұшып кетеді. Ол қарлығаштан көмек сұрағанда ол көмектесетінін айтып, (сиқырлы әлемнен шығып, тазыларға сәлемдемені жеткізуге) бірақ сиқырлы әлемнен шығу үшін балаларға тағы тапсырма орындау керек болады. Осы тұста тағы тапсырма бар еді. Бала ертегідегі суреттерден өлі және тірі табиғат түрлерін ажыратады. Содан кейін тазылар көмекке келіп, Мыстанды талап өлтіреді. Ал қазылған бәйтерек құлағанда баланың қолындағы алтын сақа құлап, 4-ке бөлініп, жан-жаққа шашырайды. 4 бөлігін қосу үшін тәлімгер құрастыру, сурет салу, жапсыру, ермексас тәрізді өнерін қосады», – дейді тәрбиеші Мәдина Бехмұхамбетова.

Осы бірнеше кезеңдегі тапсырмаларды мүдірмей орындаған тәрбиеші мен бала жеңіске жетеді екен. Жинақта жазылған осы ертегі ойыны арқылы педагог тәлімгердің жан-жақты оқушы болып қалыптасу жолдарын қарастырады. Зияткерлік қабілетін арттырып, шығармашылығын шыңдауды қарастырады. Табиғатқа, жан-жануарға, құсқа қамқорлықтың да үлгісін байқауға болады. Бұл ойындардың балалардың танымдық, тіл дамыту, есте сақтау, байланыстырып сөйлеу, ойлауды дамыту, дене қимылдарын дамытуда маңызы зор.

Жобаны жүзеге асыру үшін Мәдина Бехмұхамбетова арнайы «Алтын сақа» жобасының картасын жасап шығарған. Яғни, ойын арнайы үстелде ойналады. Барлық декорация мен қажетті жабдықтармен қамтылған.

Сурет кейіпкерден

• ОҚЫ. ҮЙРЕН. ІЗДЕН

Өмірдің өзі – тригонометрия

Қыста балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Саябақтар мен балалар алаңдарында сырғанақтар қойылады. Бірақ, олардың биіктігі мен көлбеулігі дұрыс есептелмесе, балалардың жаракат алуына қауіп бар. Бұнда тригонометрияның көмегі зор. Мысалы...

Ұзындығы 7 метрлік сырғанақтың ең қауіпсіз биіктігін анықтау үшін көлбеулік бұрышын 35° деп алайық. Биіктікті есептеу үшін тригонометриялық синус функциясын қолданамыз:

$$H = 7 * \sin(35^\circ) = 7 * 0.5735 = 4.01 \text{ м}$$

Бұл есептеулерден сырғанақтың биіктігі 4 метрден аспауы тиіс екенін көреміз. Егер бұрыш одан аз болса, сырғанақ қауіпсіз. Бұл мысал мектепте алған білімнің өмірдегі маңызын көрсетеді.

Тригонометрия сәулет және құрылыс салаларында кеңінен қолданылады.

Қазақстандағы ең ірі аттракциондардың бірі – «Ailand» шолу дөңгелегі (колесо обозрения) Астананың көрікті жерлерінің біріне айналды. Оның биіктігі – 65 метр, диаметрі – 55 метр, салмағы – 270 тонна, кабиналардың саны – 36. Бұл аттракционға байланысты бір сұрақ туындайды: кабиналар бір-бірінен қандай қашықтықта орналасқан?



Кабиналардың орналасу бұрышы анықтаймыз:

$$360^\circ : 36 = 10^\circ$$

Диаметрі 55 метр болғандықтан, шеңбердің радиусы R = 27,5 м. Осы мәліметтер арқылы кабиналар арасындағы қашықтықты анықтауға болады. Бұл тригонометрияның сәулет пен инженерияда қалай қолданылатынын көрсетеді. Мектеп оқушылары үшін тригонометрияны меңгеру – ҰБТ және мемлекеттік емтихандарды сәтті тапсырудың маңызды бөлігі. Көптеген оқушылар бұл тақырыпты күрделі деп есептейді, алайда, оны нақты өмірмен байланыстыра отырып, игеру әлдеқайда жеңіл. Тригонометриялық функциялар тек математикада ғана емес, физика, география, астрономия, тіпті, медицина салаларында да қолданылады. Функционалды математикалық сауаттылық – бұл тек

формулаларды жаттау емес, олардың өмірде қолдана білу.

Тригонометрия арқылы біз көпірлердің беріктігін есептейміз, ғимараттардың төбесін дұрыс жобалаймыз, жасанды серіктердің орбитасын анықтаймыз.

Тригонометрия тек мектеп бағдарламасының бір бөлігі ғана емес, ол – өмірдің ажырамас бөлігі. Қауіпсіздік, сәулет, құрылыс, техника, инженерия, күнделікті өмірдің қарапайым мысалдары да тригонометрияның қажеттілігін дәлелдейді. Сондықтан, бұл ғылымды игеру – тек емтихан үшін емес, өмірде дұрыс шешім қабылдау үшін маңызды.

Ақсер ӘЛМҰХАНБЕТ, Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының II-сынып оқушысы ҚАРАҒАНДЫ

Металлургияның бүгінгі мұрагерлері



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Металлургияның өңірмізде елдің әл-ауқатын арттыруға бағытталған өндірістік құрылымның бірі де бірегейі екені даусыз. Төрт мың жылдыққа жуықтайтын тарихы бар металлургияның бүгінгі мұрагері ретінде танылған еліміз металлургияның жан-кешті еңбегінің арқасында аймақтың тыныс-тіршілігіне қуат беріп отыр. Металлургиямен тыныс-тіршілігі қайнап жатқан Балқашта бұл мамандық иелеріне құрмет зор. Бүгінде кемеліне келіп, шартарапқа атағы жайылған мыс зауытында еселі еңбек етіп жатқан даңқты жұмысшылар аз емес. Солардың бірі 86 жылдық тарихы бар анод учаскесінің №4 ауысымының балқытушысы – Жақсыбек Құдайбергенов.



тазартылмаған мыс қайта өңделеді. Бұл сұйық мыс немесе мистер қалақшаға құйылып, аспалы кранмен анодтық пешке беріледі. Анодтық пеш мазутпен жұмыс істейді. Анодтық бөліктегі жұмыс балқытылатын және құйылатын деп екі бөлімге бөлініп, қарастырылады екен. Пеште өнім 3 жарым

сағат қайнап, толықтай дайын болады. Қазіргі анод пештерінің сыйымдылығы 400 тонна сұйық мысқа дейін. Ал, пештің сыйымдылығы – 220 тонна көлемінде. Ақтоғай ауданы Нұркен ауылында дүние есігін ашқан Жақсыбек Құдайбергенов бала күнінен көрік басып, төске балға

соғуды үйренген. Өйткені, әкесі Есберген Құдайбергеновты темірден түйін түйген ұста болған. Ат әбзелдерін жасап, ауыздық, тағаны қолдан соққан. Алғашында ол әкесінен нұқта, тартпа тіліп, кейін әбден ысылып қамшы өрүді меңгерді. Бірақ, жалынды жас спортқа ынтасы ауып, Нұркен Әбдіров

атындағы мектепті 2002 жылы тәмамдаған соң Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың дене шынықтыру және спорт факультетіне оқуға түседі. Оқуды аяқтаған соң білім ошақтарында ұстаздық етті. Бала жасында көрік басқан жігіт уақыт өте келе мысы қайнап жататын өндіріске баруға шешім қабылдайды. Жақсыбектің айтуынша, мұндағы мамандар өндірістік тағлымдамадан жиі өтеді. Соның арқасында, балқыту ісіне көзі қанығып, үйреніп, біраз жайтты ой сарабынан өткізіп, көңіле түйетін көрінеді.

Жақсыбек жары Гүлзаптеп бүгінде ұрпақтарының қызығын бірге көруде. Көзінің ағы мен қарасындай Қадірхан, Айарудай балаларының қорғаны.

Айтпақшы, кейіпкеріміз жақында «КәсіпҚорған» кәсіподағы филиалының Құрмет грамотасымен марапатталды. Біз бұны еңбегінің еленгеніне баладық.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Балқыған мыстың ортасында жүру, мыс балқыту оңай емес. Мұнда металлургия ұстаздарымен мақтанады. Жақсыбек Есбергенұлы да өзінің алғаш еңбек жолын бастаған сәтте ұстаздық еткен Қанат Сауранбековті тілге тиек етті.

– Біздің жұмыста, ең алдымен, еңбек қауіпсіздігі бірінші орында. Өйткені, адамдардың аман-дығы, денсаулығы маңызды. №4 ауысымда жиырмадан аса адам еңбек етеді. Балқытушылар мен

конверторшылардан, слесарь-жөндеушілер, өңдеушілер, аппаратшылар мен кран машинистерінен тұратын мықты мамандар шоғырланған. Мен осы жұмысқа 2019 жылы 3 желтоқсанда кірістім. Сол кезде мені осы жұмысқа баулып, тәрбиелеген Қанат Сауранбеков есімді мықты металлург Табиғатынан сөзден гөрі еңбекке бейім азамат. Ауысым биік межелерге жетсе, осындай мықты ұстаздардың арқасы деп білемін, – дейді Жақсыбек Құдайбергенов.

Балқытушының айтуынша, жұмыстары күнделікті жоспарға сәйкес. Анодтық пеште сұйық,

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Алғыс – жүректен

Шет ауданында көктемнің алғашқы мерекесі – Алғыс айту күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы және «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай «Алғыс – жүректен, бірлік – мәңгілік» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараға ауданның аға-буындары, дәнекерлеуші, теміржолшы, медицина саласының ардагерлері мен халықаралық, республикалық дәрежедегі жүлдегер жасөспірімдер мен олардың тәлімгерлері және ата-аналары қатысты. Кездесуде сөз алған аудан әкімі Мұхит Мұхтаров барша қонақтарды мерекемен құттықтап, жүректен алғысын білдіріп, сый-сияпат жасады.



Сурет аудан әкімінің баспасөз қызметінен

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгін үш мерекені қатар атап өтіп жатырмыз. Алғыс айту күні – тағдыр тәлкегімен Қазақстанға қоныс аударған түрлі этнос өкілдерінің қазақ халқына ризашылығын білдіру арқылы бір-бірімізге деген құрметіміз бен сыйластығымызды арттыратын күн. Сонымен бірге, көктемнің алғашқы күні – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30

жыл толып отыр. Қай кезде де жабарқанның жанына жалау болып, мұндайғанның маңдайынан сипап, қиналғанды құшағына қысқан қазақ халқы – әлемдегі ең бауырмал халық екенін өзіміз ғана емес, өзге де мойындай бастағаны ақиқат. Бүгінгі тарих тоғыстырған, тағдыр табыстырған барша ұлт пен ұлыстың берік бірлігі мен тату тірлігі – Қазақстанның басты жетістігі. Үшіншіден, біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы». Баршаңызға ауданымыздың әле-

уметтік-экономикалық дамуына және қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтамын, – деді аудан басшысы Мұхит Мұхтаров.

Сонымен қатар, аудан әкімі Алғыс хатпен және бағалы сыйлықтарды Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, зейнеткер Сайлаубек Омарбекке, Ақадар кентінің тұрғыны, зейнеткер Надежда Ковалеваға, Красная Поляна ауылының тұрғыны, зейнеткер Елена Улановаға, «Алтын түлек» республикалық математика пәні бойынша олимпиада

жүлдегері, Ю.Гагарин мектебінің оқушысы Айбибі Мұсахметоваға, математика пәні бойынша республикалық жобалар конкурсының жүлдегері Батырхан Алпысбайға, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық байқаудың жүлдегері, Б.Алтынсарин атындағы тірек мектебінің оқушысы Асылжан Қойқатовқа, физика пәнінен республикалық байқаудың жүлдегері, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейдің оқушысы Ерасыл Игілікке, республикалық физика, математика пәндерінен олимпиада жүлдегері, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейдің оқушысы Ислам Құрманбайға, қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпиондары Ерұлтан Ішікбай мен Ибрахим Алтаевқа, республикалық «Бала жұлдыз» өнер байқауының жүлдегері, С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінің вокалисті Аялы Амановаға, республикалық «Біз – Отанның ұланымыз» байқауының жүлдегері, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Нұрмұхаммед Талғатбекке, сондай-ақ жетімпаздардың тәлімгерлері мен ата-аналарына табыстады.

Мерекеге келген қонақтар да елестері жатқан жандарға өз алғыстарын жеткізді. Кеш соңында аудан тұрғындары елдің өркендеуі мен бірлігіне қосқан үлестері үшін ардагерлерге, еңбегі сіңген азаматтарға және жас буынға алғыстарын айтып, батасын берді.

Шет ауданы

• ШАҒҒЫШЫЛАР МАРАФОНЫ – 2025

Қарағандылықтар қара үзді

Күнтізбе бойынша көктем есіктен сығалағанымен, Қарқаралы әлі қалың қардың құшағында. Осы сәтті пайдаланған қысқы спорттың өкілдері мұнда IV шаңғышылар марафонын өткізді. Дәстүрлі жарыстың ұйымдастырушылары – ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі мен жергілікті әуесқой спортшы Думан Бейсенәев бұл жолы марафонға аудан спортшыларымен қатар Қарағанды, Теміртау және Павлодар қалаларынан келген шаңғышыларды да қосқан екен.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарыс жолына барлығы 47 шаңғышы шықты. Марафоншылар марафон бір уақытта шыққанымен, жас ерекшеліктеріне қарай әр түрлі қашықтықтарға жүгірді. Атап айтқанда, 14-17 жастағы ұлдар – 10, қыздар – 3 шақырым, 18-29 және 30-39 жастағы жігіттер – 30, 18-29 жастағы қыздар мен 30-39 жастағы әйелдер – 15 шақырым қашықтыққа сырғанады.

Әр топ бойынша жеңімпаз және жүлдегер атанғандар анықталды. Кіл мықтылар арасында абсолютті нәтижелерге қол жеткізгендерге тоқталсақ, ерлер арасында I орынды Рафаэль Тинчурин алып, II орын Сергей Головинге (екеуі де Қарағанды), III орын Виталий Литвиненкоға (Павлодар) бұйырды. Әйелдер арасында Инна Вишнякова (Теміртау) тұғырды I сатысына көтеріліп, II орынды Ангелина Старожилова, III орынды Светлана Дьякова (екеуі де Қарағанды) иеленді.

Марафонға жан-жақтан келіп, бақтарын сынаған әуесқой спортшылар жарыстан, Қарқаралының табиғатынан алған әсерлерімен бөлісті. Олардың арасында егделер де бар. Мысалы, 64 жатағы Назгүл Әліпова Павлодардан. Бұл кісі Қарқаралыға келіп, тау қойнауында шаңғы тебуді көптен армандапты. Арманы орындалғанына және жарысты сәтті аяқтағанына қуанышты көрінеді. 55 жастағы теміртаулық Татьяна Прилукова осы марафонға қатырған төртінші рет қатысып отыр. Әсем табиғат аясындағы спорт мерекесіне ол ықыласпен келеді екен. Ардагер спортшылардың арасындағы ең жасы үлкені – Қоқтас ауылының тұрғыны, 69 жастағы Жұмаш Құрманғалиев ерекше шаттанғандардың бірі. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлер ақшалай және арнайы сый-сияпаттар иеленді. Марафон төсбелгілері спорт мерекесіне қатысушылардың бәріне табысталды.

Хабарландыру

«Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ хабарлайды, сағат 11:00-де 00 мин. 2025 жылғы 10 сәуірде Қарағанды облысында Гүлшат а., Школьная к., 3 клуб залында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Сағат 15:00-де 00 мин. 2025 жылғы 11 сәуірде Қарағанды облысында Тасарал а., Ағыбай Батыр көшесі, 5 клуб залында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Қаратас кен орнын тау-кен жұмыстары жоспары және Қаратас кен орнын жою жоспарына әсер етуге рұқсат алу үшін жобалық құжаттама: рұқсат етілген шығарылым нормативтерінің жобалары, қалдықтарды басқару бағдарламасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары, Кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп, Қаратас кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспары, жою жоспарына әсерді бағалау, Қаратас кен орнын жою жоспары.

Әсер ету радиусы-Ақтоғай ауданы аумағында (координаттары: ендік 73°49'50" бойлық 46°40'00").

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20 үй, эл. пошта expertiza.upr_krg@mail.ru тел. 8 7212 56 81 66

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн режимінде өткізіледі:

Сағат 11:00-де 00 мин. 2025 жылғы 10 сәуірде https://us05web.zoom.us/j/82469867136?pwd=JdbyPRcZz5PmizEg1BjPobwvznqYR.1 Конференцияның идентификаторы ID: 824 6986 7136

Кол жеткізу коды: 8kFyCc Сағат 15:00-де 00 мин. 2025 жылғы 11 сәуірде https://us05web.zoom.us/j/84033016576?pwd=AejURMehxkDjdBr4SbABlqzjFGrKS3.1 Конференцияның идентификаторы ID: 840 3301 6576

Кол жеткізу коды: OeCbrz Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ БСН 090240000101; Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10 құрылымы. Ж.т. 8 (717) 2559 538, email: d.kaliyev@tks.kz

Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мұхамеджанов көш. 21 үй офисі /732 тел.8-705-723-53-63, email: kazprogressoyuz@yandex.kz.

«Жобалық құжаттама пакетімен https://ecportal.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru «Қоғамдық тыңдаулар» веб-сайтында танысуға болады.

Объявление

АО «НГК «Тау-Кен Самрук» сообщает, что в 11 час. 00 мин. 10 апреля 2025 года по адресу: Карагандинская область пос. Гулшат улица Школьная 3 в клубном зале состоится общественные слушания в форме открытого собрания.

В 15 час. 00 мин. 11 апреля 2025 года по адресу: Карагандинская область с. Тасарал улица Ағыбай Батыра 5 в клубном зале состоится общественные слушания в форме открытого собрания.

Проектная документация для получения разрешения на воздействие к Плану горных работ и к Плану ликвидации месторождения Каратас: Проекты нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами; Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий, Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ, План горных работ м/р Каратас, Оценка воздействия к Плану ликвидации, План ликвидации м/р Каратас.

Радиус воздействия – на территории Ақтоғайского района (координаты: широта 73°49'50" долгота 46°40'00").

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования Карагандинской области», по адресу: г. Караганда ул. Лободы, дом 20, эл. адрес expertiza.upr_krg@mail.ru тел. 8 7212 56 81 66

В случае введения чрезвычайной положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по ссылке: В 11 час. 00 мин. 10 апреля 2025 года https://us05web.zoom.us/j/82469867136?pwd=JdbyPRcZz5PmizEg1BjPobwvznqYR.1 Идентификатор конференции: 824 6986 7136 Код доступа: 8kFyCc В 15 час. 00 мин. 11 апреля 2025 года https://us05web.zoom.us/j/84033016576?pwd=AejURMehxkDjdBr4SbABlqzjFGrKS3.1 Идентификатор конференции ID: 840 3301 6576 Код доступа: OeCbrz Инициатор намечаемой деятельности: АО НГК «Тау-Кен Самрук» БИН 090240000101; Республика Казахстан, г. Астана, улица Сығанақ, строение 17/10. Р.т. 8-(717)2 559 538 email: d.kaliyev@tks.kz Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787, Республика Казахстан, г. Астана, ул. К. Мухамеджанова дом 21 к 7 оф 32 тел 87057235363, email: kazprogressoyuz@yandex.kz.

«С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecportal.kz/ и сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru в разделе «Общественные слушания».

№125

Асыл Ана – мәңгілік жүрек шуағы

«Қарағанды техникалық-экономикалық колледжі» ЖММ басшысы Қазыбекова Жанаргүл Нұрланқызы!

Сізге және сіздің отбасыңызға Аяулы Ана, Ардақты Әже – Күзенқызы Қалия анамыздың 2025 жылдың 04 наурызында дүниеден озуына қайғыра көңіл айтамыз.

Алла Тағала Асыл Анаңыздың жанына жәннаттан орын нәсіп етіп, мәңгілік мекенін нұрлы, рухын пок етсін. Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын...

«Қарағанды техникалық-экономикалық колледжі» ЖММ ұжымы Қарағанды қаласы

ҚҰРМЕТТІ ЖАНАРГҮЛ НҰРЛАНҚЫЗЫ!

Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті өкілдігі ұжымы Сізге және отбасыңызға орны толмас ауыр қаза – сүйікті анаңыз Күзенқызы Қалияның өмірден озғанына орай қайғырып көңіл айтады.

Алла Тағала Анаңыздың жанын жәннаттан етсін, иманын жолдас етсін. Жақындарына Алла сабыр, жүректіріне тыныштық берсін...

«Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті» өкілдігі Қарағанды қаласы

№39

Арманды ана тілі қанаттандырады



Сурет шық. перекөздер

(Соңы. Басы 1-бетте)

Арғы-бергі тарихтан хабардар, математикаға ойы ұшқыр, жоғары білімді қазақтың бір зиялысы. Сол зиялы қазақтың бірі болғаны үшін де КГБ-ның қарауына іліккен. Сұрыптау кентіндегі көзін көрген туыстарының айтуынша, әлдебіреулер басынан ұрып, денсаулығына зақым келтірген, жындыханаға тоғтқан. Бірақ, жындыханада ақыл-есінің түзу болғанын, кездесуге барғандарында сондағы күзет ұзақ уақыт сөйлестіргендерін де айтты. Жамбыл Артықбаевтың болжауы бойынша, мұның бәрі әдейі жасалған. Әділет Жағыпар есімді жас тарихшы екеуі қазір архивтерді қотарып жүр. Өміріне қатысты деректер естеліктерде ғана сайрап жатыр

әзірге. Тарихшыларымыздың іздегені табылар деп үміттенеміз.

Ұлт үшін қиын заманда Ана тілінің тірлігі үшін осылай күрескен. Халқының артық туған перзенттері өмірін, жастық шағын қиып жіберген. Алаш ардақтыларының да тағдырын еске түсіріңіз. Ал, қазір ше? Шекарамыз шегендеулі, Ата заңымыз, Астанамыз бар. Халқымыз аман, бауырымыз бүтін. Былай қарап отырсаңыз, бұдан артық не керек? Бұл сөзімізден де кілтпапн табатындар табылар. Бірақ, жарқын өмір, арайлы болашақ үшін әуелі халықтың өзі талпыныс жасаса, нұр үстіне нұр.

Талпыныс жасалмай жатқан жоқ. Мемлекет басшысы әр Жолдауында, Ұлттық Құрылтайларда сөйлеген сөздерінде осы Ана тіліміздің мәртебесін көтеру үшін

пәрмен беріп, қаржыны да бөлу де. Бұған Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз» деген сөзі дәлел.

Мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан қолдау мен атқарылып жатқан жұмыстар аймағымызда да оң нәтижесін көрсетуде. Мәселен, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Салтанат Әбеуованың айтуынша, аймақта мемлекеттік тілді үйренгісі келетіндердің қатары көбейіп келеді.

– Қазіргі уақытта ересектерге арналған тегін тіл оқыту курстары сұранысқа ие. Әсіресе, мемлекеттік тілді үйренгісі келетін азаматтардың саны кейінгі екі жылда айтарлықтай өсті. Былтыр облыс-

та 3500-ден астам адам қазақ тілінің А1, А2 базалық деңгейлерін меңгеріп шықты. Соның ішінде, өзге этнос өкілдерінің саны 2455-ке жетті. Олардың жаппай мемлекеттік тілді үйренуге ниет білдіріп жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Мемлекеттік тілді меңгеру бүгінгі күні еңбек нарығында да сұранысқа ие. Әсіресе, шағын және орта бизнес өкілдері қазақ тілін үйренуге ерекше назар аударады. 2024 жылы облыс бойынша 1 мың қызмет көрсетуші тіл үйренді, – деді Салтанат Әбеуова.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін үйренуі зор маңызға ие» деп атап өткен. «Біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі» деп еді.

Еліміз бұл күнде қазақ тілін жаһанға таныту үшін де қыруар жұмысты қолға алған. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларын шет тілдерге тәржімалауда. Бұл – қазақ тіліндегі шығармалар жаһан кітапханаларының сөрелерінен орын тауып жатыр деген сөз. Жаһан оқырмандарының ықыласына бөленген әлем әдебиетінің жауһарлары да қазақ оқырмандарына Ана тілімізде қолжетімді.

Виртуалды полигонның пайдасы зор

Күн өткен сайын жасанды зерденің қолданыс аясы кеңейіп барады. Мәселен, Қарағандыда Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыруымен №19 мектеп базасында алғаш рет онлайн форматта «Геотактика» виртуалды полигонында қашықтықтан әскери-тактикалық сайыс өтті. Оған жоғары оқу орны мен мектептерден 60-тан астам команда қатысып, өзара бақ сынады. Іс-шараға министрдің орынбасары Айгүл Қуленбаева мен қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім қатысты.



«Геотактика» – компьютердің ішіндегі виртуалды полигон. Қатысушылар осы виртуалды полигон арқылы әскери және техникалық даярлықты үйренеді. Нысана көздеп, алаңда түрлі оқу-жаттығу жасайды. Жалпы айтқанда, полигондағы жұмыстың бәрін жасанды зерденің көмегімен жасап машықтанады. Бұл симуляторды қазақстандық ірі компания әзірлеген. Кейін Defence Tech Battle стартап байқауына ұсынып, нәтижесінде отандық инновациялық жоба ретінде «үздік» деп танылыпты.

– Жасанды зерде – бүгінгі күннің талабы. Әрине, ол адамды алмастыра алмайды. Балаларымыз болашақта басқа да елдермен бәсекелестікке түсе алатындай жағдай жасауымыз қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Жолдауында баса айтқан болатын. Жасанды зерде келешекте әскери салаға толығымен енеді. Сондықтан, қазірден бастап, әскери дайындық сабағына қосып отырмыз. Оқушылар жасанды зерденің көмегімен қару-жарақты ұстауды ғана емес, барлық ұрыс-тактикаларын меңгеріп шығады. Әскерге барғанда бәрін біліп тұрады. Бұл жобаны біз алғаш болып, Қарағандыға енгіздік. Енді осы жобаны Алматыда өткізіп көрмекпіз, – деді Есентай Мұқатайұлы.

Сайыстың ережесіне сәйкес, әр мектептен 10 баладан команда жасакталған. Олар бірігіп, берілген тапсырма бойынша жұмыс атқарады. Әр команда тапсырманың дұрыс әрі уақытылы орындалуына байланысты бағаланған. Жарыс қорытындысы бойынша №32 мектептің командасы үздік танылды.

– Әуелі оқушылар арасында мектепшілік іріктеу өтті. 10 оқушы іріктеліп алынды. Әр оқушының әскери дайындығымен қатар, жана технологиямен жұмыс істей алу мүмкіндігі баса назарға алынды. Жарысқа екі апта дайындалдық. Командаластарым да керемет өнер көрсетті. Әрине, бұның бәрі – ауызбіршіліктің жемісі, – деді Дмитрий Владимирович.

№19 орта мектебінің командасы ІІ орын иеленсе, Абай атындағы мектеп-гимназиясының командасы жүлделі ІІІ орыннан көрінді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс-талды.

**Акерке БОЛАТ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті**

Сурет ұйымдастырушылардан

• КӨРКЕМ ЖҮЗУ

Парижден олжалы оралды

Франция астанасында өткен әлем кубогының бірінші кезеңінде жерлесіміз, қарағандылық спортшы Виктор Друзин көркем жүзден жеке еркін бағдарламада бағын сынап, үздік нәтиже көрсетіп, алтын медаль жеңіп алды.

Байрақты бәсекеге әлемнің 22 елінен 167 спортшы қатысты. Алты құрлыққа аты мәлім спортшылар арасында Виктор Друзин өз шеберлігін байката білді. Оның жеңісі Арка жұртының мерейін тасытып, абыройын асырды.

Грекиялық синхронды жүзудің екі шебері Мариос Критсас пен Стильянос Фуксис кейінгі орындарға жайғасты.

World Aquatics әлем кубогы жыл сайын өтеді және үш кезең хәм суперфиналдан тұрады. 2024 жылы алғаш рет Бейжіңде



Сурет облыс ақпараттық сайтынан

өткен жарыста Виктор Друзин мен Анна Павлцова дуэтта күміс медаль жеңіп алған еді. Кейін еркін соло бағдарлама-сында қола медаль иеленді. Бұл – оның ересектер санатына көшкеннен кейінгі мансабындағы ең жоғары жетістігінің бірі.

Аталған әлем кубогының бірінші кезеңінде Қарағанды облысының басқа да спортшылары – Анастасия Воронкова, Полина Мерзлякова және Милана Ашаханова командалық еркін бағдарламада өнер көрсетіп, ұлттық құрама сапында халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын иеленді.

**Мөлдiр МҰРАТБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті**

• ӨНЕР ӨРНЕГІ

Сыйластықтың алтын жібi

Асылы, Алғыс айту күнін жан-жақты қарастыруға болады. Аталған мереке алғаш тойлана бастағанда көбіне елімізге қиын-қыстау кезеңде күшпен қоныстандырылып, жергілікті қазақтардың қонақжайлылығының арқасында аман қалып, өсіп-өнген түрлі этнос өкілдері алғыс айтып жататын. Кейін бұл үрдіс ата-анаға, жақын адамдарымызға, бір-бірімізге, ұстазға, досқа алғыс айтуға ұласты. Ал, бұл жазбамыз қытайлық суретші Чжао Яньцзюньнің Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайына жергілікті тұрғындарға алғыс ретінде табыстаған өнер туындысы хақында.

**Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Нақтылай отырсақ, өнер туындысы «Гүлденген анар сәлдегүлі» деп аталады. Еңбек сары қағаздың бетіне қызыл қағаздан кесілген ою-өрнек ыждаһатты негізде желімденген. Композицияның орталық бөлігінде нарт қызыл төрт анар жемісі тұр. Бұл – молшылықтың, дамудың, белгісі. Жи-

ектерін көмкерген жапырақты бар сәлдегүлі бүршіктері сұлулық пен тұрақтылықтан, бейбітшіліктен сыр шертеді.

– Бұл композиция мұражай қорына былтыр табысталды. Ұзындығы мен биіктігі – 84 см. Автор өз қолымен табыстады. Чжао Яньцзюнь мырза қазір Қарағандыда тұрады. Осында еңбек етіп жатқан білікті маман. Жұмысы – қытайлықтардың кең тараған бейнелеу



өнер түріне жатады. Туындыдан молшылық пен ұрпақ сабақтастығын, көпбалалы болудың сырын ұғамыз. Өйткені, аспан асты елінде халық санының көп екені белгілі. Суретші осындай бірнеше мағынаны сыйғызуда тырысқан, – дейді мұражай директоры Бибігүл Құдабаева.

Бұдан бөлек, Чжао Яньцзюнь мырза кеншілер өлкесіндегі жергілікті халықтың өте ашық, қонақжай, қарапайым әрі еңбекқор екенін айтты. Осындай киелі өлкеде, достық пен бейбітшілік салтанат құрған мекенде жұмыс істеп, еркін өніп-өсіп жатқанына риза екенін айтып, шексіз алғысын да жаудырды.

Өнер – ұлт пен ұрпақты байланыстыратын киелі көпір. Чжао Яньцзюньнің «Гүлденген анар сәлдегүлі» – тек бейнелеу өнерінің

туындысы ғана емес, алғыс пен ризашылықтың айқын көрінісі. Қонақжайлық пен кеңпейілділікті ту еткен қазақ жеріне деген сүйіспеншіліктің, ұлттар достығының символы. Бұл шығарма – бейбітшілік пен молшылықтың, мәдениеттер тоғысының жарқын белгісі. Адам жүрегіндегі алғыс сезімі – сөзбен ғана емес, осындай мәңгілікке ұласар өнер туындылары арқылы да жеткізіледі. Өнердің күші – тілсіз тілдесуінде, жүректен жүрекке жол табуында. Қарағанды топырағындағы ынтымақ пен бірліктің көрінісі іспетті бұл туынды келер ұрпаққа бейбітшілік пен сыйластықтың алтын жібін жалғастыратын құнды мұра болып қала бермек.

Сурет облыстық бейнелеу өнері мұражайынан

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР000030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 719
№26 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН